

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚР НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

## **СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ**

**Тас ғимараттар бөлімі**

---

## **ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ ЗДАНИЙ**

**Часть. Каменные здания**

**ҚР НТҚ 08-01.4-2012**  
**(ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 әзірленген)**  
**НТП РК 08-01.4-2012**  
**(к СН РК EN 1998-1:2004/2012)**

**Ресми басылым**  
**Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің**  
**Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер**  
**ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального**  
**хозяйства и управления земельными ресурсами**  
**Министерства Национальной экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

ӘЗІРЛЕГЕН:	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

РАЗРАБОТАН:	АО «КазНИИСА»
ПРЕДСТАВЛЕН:	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

**Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды**

**Настоящий государственный нормативно-технический документ не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан**

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	1
1.1 Қолдану саласы .....	1
1.3 Терминдер мен анықтамалар .....	6
1.4 СИ халықаралық бірліктер жүйесі .....	12
2.1 Негізгі ережелер .....	12
2.3 Тас қалаулардың типтері .....	16
2.4 Қалауларды байлаудың материалдары мен схемалары.....	17
2.4.1 Тас қалау элементтерінің типтері .....	17
2.4.2 Тас қалау элементтерінің минималды беріктілігі .....	19
2.4.3 Құрылыстық ерітінді.....	20
2.4.4 Тас қалауды байлау .....	20
2.4.5 Тас қалаудан жасалған қабырғалық конструкциялардың типтері .....	21
3.1 Жалпы ережелер.....	24
3.2 Арматураланбаған тас қалаулардан жасалған қабырға-диафрагмаларға және ғимараттарға қойылатын талаптар .....	24
3.3 Шектейтін тас қалаулардан жасалған қабырға-диафрагмаларға және ғимараттарға қойылатын талаптар.....	30
3.4 Арматураланған тас қалаулардан жасалған қабырға-диафрагмаларға және ғимараттарға қойылатын талаптар .....	35
4 ТАС ҒИМАРАТТАРДЫҢ ҚАБАТАРАЛЫҚ АРАҚАБЫРҒАЛАРЫ МЕН ЖАБЫНДАРЫ .....	38
4.1 Жалпы ережелер.....	39
4.2 Ағаш арақабырғалар .....	39
4.3 Жиналмалы темір бетонды арақабырғалар мен жабындар.....	41
4.4 Монолиттік темір бетонды арақабырғалар.....	46
5 ТАС ҚАЛАУДАН ЖАСАЛҒАН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ТИПТЕРІ МЕН ЖҮРІС КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ .....	47
6 ТАС ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЖОСПАРДАҒЫ ЖӘНЕ БИІКТІК БОЙЫНША ӨЛШЕМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР.....	48
7 КОНСТРУКЦИЯНЫ ЕСЕПТЕУ.....	51
8 ҚАУІПСІЗДІКТІ ТЕКСЕРУ .....	53
9 «ҚАРАПАЙЫМ ТАС ҒИМАРАТТАРҒА» АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР .....	54
9.1 Жалпы мәліметтер.....	54
9.2 Ережелер .....	54
А ҚОСЫМШАСЫ.....	56
МЫСАЛІ Екі қабатты тас ғимараттарды сейсмикалық әсерлерге есептеу .....	56
Б ҚОСЫМШАСЫ .....	75
(АҚПАРАТТЫҚ) .....	75
ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕТІН СТАНДАРТТАР .....	75

## КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құралды «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамы («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) әзірлеген.

Осы нормативтік-техникалық құрал (ары қарай – құрал) Қазақстан Республикасындағы сейсмикаға төзімді құрылыстың нормативтік базасын жетілдіру және оны еуропалық нормалармен сәйкестендіру мақсатында әзірленді. Құрал Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында тас ғимараттарды жобалау мен құрылысын салу кезінде пайдалануға арналған.

Осы ҚР құралы ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 «Сейсмикаға төзімді конструкциялар. 1-бөлім: «Жалпы ережелер, ғимараттарға сейсмикалық әсер ету және ережелер». 9-бөлім: «Тас ғимараттарға арналған арнайы ережелер» ережелерін дамытатын және толықтыратын, сонымен қатар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ұлттық қосымшасының тиісті ережелерін дамытатын және толықтыратын нормативтік-техникалық құжат ретінде әзірленген.

Осы құралды әзірлеу:

- Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында тас ғимараттарды жобалау мен құрылысын салудың ұлттық тәжірибесінің;
- Еуропалық стандарттардың талаптарына қайшы келмейтін, ҚР тиісті нормативтік-нұсқаулық құжаттарының талаптарының;
- сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарды жобалау мен құрылысын салудың халықаралық тәжірибесінің;
- ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелерін толықтыратын және оларға қайшы келмейтін жалпы құпталған кейбір ережелердің;
- «ҚазҚСҒЗИ» АҚ және сейсмикаға төзімді құрылыс саласында мамандандырылған басқа да шетелдік ұйымдармен орындалған зерттеулердің мақұлданған нәтижелерінің есебімен жүзеге асырылды.

Мәтіні (соның ішінде мазмұны бойынша) нормативтік-техникалық құралдың тармақтарымен біріктірілген ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 тармақтарының нөмірлері құрал тармақтарының нөмірлерінің қасында шаршылық жақшада берілген.

Мәтіні нормативтік-техникалық құралдың тармақтарында бөлшектей қолданылған ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 тармақтарының нөмірлері НТҚ тиісті мәтінінің тармақтарының нөмірлерінің қасында шаршылық жақшада берілген.

Осы құралда сілтеме берілген ҚР ҚН EN басқа құжаттарының тармақтарының нөмірлері НТҚ тиісті тармақтарының мәтінінде көрсетілген.

Осы құрал жобалық ұйымдардың инженерлік-техникалық жұмысшыларына, ғылыми жұмысшыларға, жобалық өнімнің тапсырысшыларына, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен білімгерлеріне арналған.

Осы құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде міндетті негізде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ  
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ.**

**ТАС ҒИМАРАТТАР БӨЛІМІ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ ЗДАНИЙ.**

**ЧАСТЬ: КАМЕННЫЕ ЗДАНИЯ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1 Қолдану саласы**

1.1.1 Осы ҚР нормативтік-техникалық құралын (мәтін бойынша ары қарай – құрал) Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында тас ғимараттарды (құрылыстарды) жобалау мен құрылысын салу кезінде қолдану керек.

1.1.2 Осы құрал сейсмикалық әсерлерге қарсылық білдіретін тік конструктивтік элементтері, әртүрлі типтегі тас қалауларды қолдану арқылы орындалатын қабырғалық конструкциялар болып ұсынылған азаматтық ғимараттарды жобалауға таралады.

1.1.3 Осы құралда ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 «Сейсмикаға төзімді ғимараттарды жобалау. 1-бөлім: «Жалпы ережелер, сейсмикалық әсерлер және ғимараттарға арналған ережелер». 9-бөлім: «Тас ғимараттарға арналған арнайы ережелерде», сонымен қатар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ұлттық қосымшасында баяндалған қағидаттар мен ережелерді толықтыратын және дамытатын ережелері бар.

Ескертпе - ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 (1.1.1(3)Р қар.) сәйкес осы құралды еурокодтарға сәйкестірілген ҚР ҚН EN нормативтік құжаттарда, ҚР ҚН EN ұлттық қосымшаларында, сонымен қатар тас конструкцияларды жобалауға қатысы бар ҚР ҚН EN ҚР нормативтік-техникалық құралдарында баяндалған барлық қағидаттар мен ережелерді ескере отырып қолдану керек.

1.1.4 Осы құрал тас ғимараттарды жобалау кезінде пайдаланылатын және:

- жер сілкінісі кезінде адамдардың өмірін қорғауға;
- сейсмикалық әсерлерден болатын шығынды шектеуге;
- олардың функциялары халықты сейсмикалық жағдайдан кейін қорғау үшін қажетті, ғимараттардың пайдалануға беру қасиетін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған (ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 1.1.1(1)Р қар.) еуропалық EN 1998-1:2004 «Сейсмикаға төзімді ғимараттарды жобалау. 1-бөлім: «Жалпы ережелер, сейсмикалық әсерлер және ғимараттарға арналған ережелер» стандартының қағидаттары мен ережелерін игеру және тәжірибеде қолдану үшін жобалық ұйымдардың инженерлік-техникалық жұмысшыларына, ғылыми жұмысшыларға, жобалық өнімнің тапсырысшыларына, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен білімгерлеріне қолдау көрсету мақсатында әзірленген.

1.1.5 Осы құрал Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында тас ғимараттарды жобалау мен құрылысын салудың ұлттық тәжірибесінің және халықаралық тәжірибенің есебінен әзірленген.

1.1.6 Осы құралдың ережелері:

- сейсмикалық қатынаста жағымсыз құрылыс алаңшаларындағы;

Ескертпе - «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен имараттарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсерлер» құралының 3.2.1.6-тармағына сәйкес сейсмикалық қатынаста жағымсыз құрылыс алаңшаларына:

- а) күндізгі бетте пайда болуы ықтимал тектоникалық бұзылыс аймақтарында орналасқан;
  - б) құрылыс алаңшасының 0,6g артық топырақ жағдайының есебімен анықталған топырақ тербелісінің есептік жылдамдығы бар құрылыс алаңшасы;
  - в) көлденең толқындардың таралу жылдамдығының шегі 100 м/с құрайтын, қуаттылығы 10 м асатын үстіңгі қабатты топырақ шөгінділері бар құрылыс алаңшасы;
  - г) сұйылуға икемді топырақ шөгінділері бар құрылыс алаңшасы;
  - д) отырмалы топырағы, қорыстары, карстары, тау өңдеулері, жыныстардың физика-геологиялық үдерістері бар құрылыс алаңшасы;
  - е) сел ағындары мен көшкіндер өтуі ықтимал аймақтарда орналасқан құрылыс алаңшасы;
  - ж) борпылдақ су сіңіргішті топырақпен немесе конструкциясы қатты бұзылған жыныспен құрастырылған, беткейінің биіктігі 15° асатын құрылыс алаңшасы жатады.
- жоспарда және биіктік бойында өлшемдері осы құралда айтылған рұқсатты мәндерден асатын;
- жоспарда және/немесе биіктік бойынша қатты жүйесіз («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен имараттар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралын қар.) конструктивтік жүйелері бар;
- бұзылыстары немесе қирауы объектінің шегінен шығатын (мысалы, қоршаған ортаға түсуі адамдардың денсаулығына зиян әкелетін және сейсмикалық кезеңнен кейін халықтың өмір сүруін бұзатын химиялық және/немесе биологиялық материалдары бар ғимараттарға) төтенше жағдайларды шақыруы мүмкін;
- алдын-ала жүктелеген қалаулар қабырғалары бар тас ғимараттарды жобалау мен құрылысын салуға таралмайды.

1.1.7 Осы құралдың шеңберінде сыртқы өзіндік тіреулі қабырғалары және ғимаратқа түсетін сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға қатыспайтын арақабырғалар мен қабырғалық толтыру сияқты конструктивтік емес (тіреу емес) элементтері бар ғимараттарды жобалаудың ережелері қарастырылмайды.

1.1.8 Сейсмикалығы өте төмен (2.2-тармақшаны қар.) алаңшаларға арналған тас ғимараттарды жобалауды осы құралдың [2.2(4)] ережелерінің есебісіз жүзеге асыру керек.

1.1.9 Сейсмикалығы өте төмен (2.2-тармақшаны қар.) алаңшаларға арналған тас ғимараттарды жобалау кезінде осы құралдың ережелері Тапсырысшының қарауы бойынша қолданылуы немесе қолданбауы мүмкін.

1.1.10 [2.2(5)] «Қарапайым тас ғимараттарды» жобалаудың арнайы ережелері осы құралдың 9-бөлімінде берілген. Осы ережелер сақталған жағдайда «қарапайым тас ғимараттар» қауіпсіздіктің есептік тексерусіз ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелеріне сай деп есептеледі.

1.1.11 Талаптары ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 және осы құралда айтылмаған тас ғимараттар мен конструкцияларды жобалауды, тиісті нормативтер әзірленгенге дейін, арнайы техникалық шарттардың негізінде жүзеге асыру керек.

1.1.12 Олардың сипаттамаларына, қасиеттеріне, габариттарына және конструктивтік шешімдеріне қойылатын талаптар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 және тиісті нормативтік-техникалық құралдарды айтылмаған ғимараттарды жобалаудың арнайы техникалық шарттарының мекен-жайлық сипаты болуы керек және мамандандырылған ғылыми-зерттеу және/немесе жобалық ұйымдарды тарту арқылы әзірленеді.

Арнайы техникалық шарттарды жасауға тартылатын ұйымдар сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аккредиттелінуі керек.

Ескертпе - Арнайы техникалық шарттардың мазмұнына, келісу тәртібі мен бекітілуіне қойылатын талаптар ҚБҚ 1.02-00-2012 «Құрылысқа арналған жобалық құжаттаманы әзірлеудің, келісудің, бекітудің тәртібі және құрамы» ережелеріне сәйкес келуі керек.

1.1.13 Тас ғимараттарды жобалау кезінде осы құралдың ережелерінен айырмашылығы бар, тек осы ережелердің ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 қағидаттарына толық сәйкестілігінің дәлелі бар болған жағдайда ғана, баламалық және қосымша ережелерді қолдануға жол беріледі.

Дәлелдер мақұлданған ғылыми ережелерге, құпталған техникалық шешімдерге негізделуі және ғимараттар мен имараттарға, кемінде ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 және осы құралда қарастырылған сенімділікке тең келетін сенімділікті қамтамасыз етуі керек.

Ескертпе - ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 және/немесе осы құралдың ережелерінен айырмашылығы бар баламалық немесе қосымша ережелер тек Тапсырысшымен және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен аккредиттелінген ұйыммен келісу бойынша ғана қолданыла алады.

1.1.14 Осы құралды қолдану кезінде, егер ғимараттар мен имараттардың жобалары ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелерінен айырмашылығы бар ережелерді қолдану арқылы орындалған болса, олар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 қағидаттарына сәйкес келген жағдайда да, еуропалық нормалардың талаптарына толығымен сәйкес келеді деп қарастырыла алмайды (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 1.4(5) ескертпесін қар.).

## 1.2 Нормативтік сілтемелер

1.2.1 Осы құралдың Ерекодтарға сәйкес келетін, күні көрсетілген және күні көрсетілмеген ҚР ҚН EN нормативтік құжаттарға сілтемелері бар:

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011	«Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011	«Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-1-бөлімі: Өзіндік салмағы, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1991-1-3:2003/2011	«Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-3-бөлімі: Жалпы әсер ету. Қар жүктемелері» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011	«Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-4-бөлімі: Жалпы әсер ету. Желдің әсер етуі» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011	«Темірбетонды конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлімі: Жалпы ережелер мен ғимараттарға арналған ережелер» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1993-1-1:2005/2011	«Болат конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлімі: Жалпы ережелер мен ғимараттарға арналған ережелер» Ұлттық қосымшасымен;

## ҚР НТҚ 08-01.4-2012

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011	«Болат темір бетонды конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлім: Жалпы ережелер мен ғимараттарға арналған ережелер» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1995-1-1:2008/2011	«Ағаш конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлімі: Жалпы ережелер мен ғимараттарға арналған ережелер» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011	«Тас конструкцияларды жобалау. 1-1-бөлімі: Арматураланған және арматураланбаған тас ғимараттарға арналған жалпы ережелер» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011	«Тас конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Жобалау шешімдері, материалдарды таңдау және тас конструкцияларды жасау» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011	«Тас конструкцияларды жобалау. 3-бөлім: Арматураланбаған тас конструкцияларға арналған есептеудің жеңілдетілген әдістері» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011	«Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер» Ұлттық қосымшасымен;
ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012	«Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау» Ұлттық қосымшасымен
ҚР НТҚ 08-01.1-2012	«Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен имараттарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету бөлімі»;
ҚР НТҚ 08-01.2-2012	«Сейсмикаға төзімді ғимараттарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар бөлімі»

Ескертпе - Еурокодтарға сәйкестендірілген ҚР ҚН EN нормативтік құжаттарына берілген мекен-жайлық сілтемелері осы құралдың мәтінінде тиісті орындарда берілген, қажеттілікке байланысты, нақты бөлімнің/бөлімшенің, мақаланың немесе кестенің тармағының/тармақшасының мәні қосылуы мүмкін, жақшада көрсетілген қосымша ақпаратпен берілуі мүмкін.

Барлық басқа жағдайларда, Еурокодтарға сәйкестендірілген ҚР ҚН EN нормативтік құжаттарына берілген мекен-жайлық сілтемелері, олардың ажырамас (міндетті) бөлігі болып табылатын ҚР ҚН EN тиісті ұлттық қосымшаларына және ҚР ҚН EN тиісті нормативтік-техникалық қралдарына берілген сілтемені де білдіреді.



**1.2.2 Осы құралдың тас конструкцияларды жобалауға қатысы бар, келесі Еуропалық стандарттарға сілтемелері бар:**

EN 771-1	Specification for masonry units – Part1: Clay masonry units. Тас қалаудың элементтеріне арналған техникалық талаптар. 1-бөлім: Тас қалаудың саз элементтері.
EN 771-2	Specification for masonry units – Part 2: Calcium silicate masonry units. Тас қалаудың элементтеріне арналған техникалық талаптар. 2-бөлім: Тас қалаудың кальций-силикаттық элементтері.
EN 771-3	Specification for masonry units – Part 3: Aggregate concrete masonry units (Dense and light-weight aggregates). Тас қалаудың элементтеріне арналған техникалық талаптар. 3-бөлім: Тас қалаудың (тығыз және жеңіл салмақты толтырудағы) агрегирленген бетон элементтері.
EN 771-4	Specification for masonry units – Part4: Autoclaved aerated concrete masonry units. Тас қалаудың элементтеріне арналған техникалық талаптар. 4-бөлім: Тас қалаудың автоклавтық ауаландырылған бетондық (газ-, көбікті-, ұяшық бетондық) элементтері.
EN 771-5	Specification for masonry units – Part5: Manufactured stone masonry units. Тас қалаудың элементтеріне арналған техникалық талаптар. 5-бөлім: Тас қалаудың жасанды (өнеркәсіп дайындаған) тастардан жасалған элементтері.
EN 771-6	Specification for masonry units – Part 6: Natural stone masonry units. Тас қалаудың элементтеріне арналған техникалық талаптар. 6-бөлім: Тас қалаудың табиғи (шынайы) тастардан жасалған элементтері.
EN 772-1	Methods of test for masonry units – Part 1: Determination of compressive strength. Тас қалаулардың элементтеріне арналған сынақ әдістері. 1-бөлім: Қысуға беріктілікті анықтау
EN 1015-11	Methods of test for mortar for masonry – Part 11: Determination of flexural and compressive strength of hardened mortar. Тас қалаулардың құрылыстық ерітінділеріне арналған сынақ әдістері. 11-бөлім: Қатқан құрылыстық ерітіндіні ию мен қысуға беріктілігін анықтау.
EN 1052-3	Methods of test for masonry – Part 3: Determination of initial shear strength. Тас қалаулардың элементтеріне арналған сынақ әдістері. 3-бөлім: Жылжытуға бастапқы беріктілікті анықтау.
EN 1052-5	Methods of test for masonry – Part 5: Determination of bond strength by the bond wrench method. Тас қалаулардың элементтеріне арналған сынақ әдістері. 5-бөлім: Иілмелі сәттің әдісі арқылы байланысу беріктігін анықтау.

Ескертпе - Қажеттілікке байланысты, ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 (1.2-тармақшасын қар.), ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (1.2-тармақшасын қар.), ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 (1.2-

тармақшасын қар.), сонымен қатар осы құралда (Б қосымшасын қар.) көрсетілген, Еуропалық стандарттарға әрекет ететін нормативтік сілтемелерді пайдалану керек.

### **1.3 Терминдер мен анықтамалар**

1.3.1 Осы құралда ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 аталған терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Ескертпе - Осы бөлімде бар терминдер мен анықтамалар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 9-бөлімінде қолданылатын терминдерге үнемі жата бермейді. Олар конструкцияны конструкциялау мен есептеуге жататын терминдердің бірлігін қамтамасыз ету үшін келтірілген.

#### **1.3.2 Жалпы терминдер**

Құрылыс: құрылысы салынып жатқан немесе құрылыс жұмыстарының нәтижесі болып табылатындардың барлығы.

Ескертпе - ISO 6707-1 бойынша анықтау. Осы термин ғимаратты да, инженерлік имаратты да білдіреді. Термин конструктивтік, конструктивтік емес және геотехникалық элементтері бар, аяқталған құрылысқа жатады.

Конструкцияның типі: конструкцияны әзірлеу үшін қолданылатын материалдың түрінен анықталады, мысалы, темір бетонды конструкция, болат конструкция, ағаш конструкция, болат бетонды құрамдық конструкция.

Құрылыс материалы: құрылыс үшін қолданылатын материал, мысалы, бетон, болат, сүрек, кірпіш.

Конструкция (имарат): жүктемелерді қабылдау мен дәлме-дәл қаттылықты қамтамасыз етуге арналған өзара байланысты конструктивтік элементтердің қарастырылған үйлесімі.

Конструктивтік элемент: конструкцияның физикалық тұрғыдан айыруға болатын бөлігі, мысалы, баған, арқалық, тақтайша, іргетастық қада.

Конструктивтік жүйе: бірге жұмыс істеуге арналған нақты әдіспен біріктірілген ғимараттың немесе инженерлік имараттың күш түсетін элементтері.

Имараттың моделі: жобалау кезінде есептеу мен есептеуді тексеруде қолданылатын имараттың дәріптенген схемасы.

Құрылыс: құрылыс материалдарын алуды, тиісті құжаттаманы бақылау мен өндеуді қоса, ғимарат немесе имараттың құрылысына қатысты қызметтің барлық түрлері.

Ескертпе - Термин құрылыс алаңшасының шекарасында да, оның шегінде де бұйымдарды әзірлеуді қоса, құрылыс алаңшасындағы барлық жұмыстарды білдіреді.

#### **1.3.3 Күш түсетін конструкцияларды есептеуге қатысты терминдер**

Есептеудің өлшемдері: әрбір шекті жағдай үшін орындалуы керек жағдайларды суреттейтін сандық көрсеткіштер.

Есептік жағдайлар (design situations): есептеу тиісті шекті жағдайлардың асып кетпегендігін көрсетуі керек уақыттың нақты интервалында кездесетін, нақыл жағдайларды модельдейтін физикалық жағдайлардың жиынтығы.

Сейсмикалық есептік жағдайлар: имараттарға сейсмикалық әсерлер кезінде ерекше жағдайларды есепке алатын есептік жағдай.

Жүктелу схемасы: еркін әсердің күйін, шамалары мен бағыттарын сипаттайтын схема.

Жүктелу жағдайы: кейбір тексеру есептерінде жүктелудің әртүрлі схемалары – деформация мен жетіспеушілік жиынтығы, нақты ауыспалы және тұрақты әсерлермен бірге қарастырылатын жағдай.

Шекті жағдай: олар көтерілген кезде құрылыс конструкциялары жобалау нормаларының талаптарына жауап бермейтін жағдай.

Қауіпті шекті жағдай: конструкцияның (имараттың) бұзылуына немесе басқа формаларына байланысты жағдайлар.

Ескертпе - Әдетте, олар конструкцияның немесе оның элементтерінің максималдық күш түсетін мүмкіндіктеріне сәйкес келеді.

Пайдалануға беруге жарамдылығы бойынша шекті жағдайлар: олар көтерілген кезде конструкцияның (имараттың) немесе оның элементтерінің пайдалануға берге жарамдылығына қойылатын талаптар орындалмайтын жағдайлар.

Күш түсу мүмкіндігі (кедергі): конструктивтік элементтің немесе оның көлденең қиысының механикалық бұзылуы жоқ әсерлерге қарсы келу мүмкіндігі, мысалы, иілуге, тұрақтылықты жоғалтуға, созылуға кедергі келтіру.

Беріктік: материалдың әсерлерге қарсы келу мүмкіндігін сипаттайтын, және, әдетте механикалық кернеудің бірліктерінде көрсетілетін материалдың механикалық қасиеті.

Сенімділік: имараттың немесе оның конструктивтік элементінің пайдалануға берудің есептік мерзімі ішінде бекітілген талаптарға сәйкес келу мүмкіндігі. Сенімділік, әдетте, мүмкін шамаларда көрсетіледі.

Ескертпе - Сенімділік түсінігі имараттың қауіпсіздігіне, пайдалануға беру жарамдылығына және ғұмырлығына таралады.

Конструкцияны есептеу: конструкцияны кез келген нүктесінде әсер етудің (күштердің, сәттердің, кернеулердің, деформацияның) әсерлерін анықтау шарасы немесе алгоритмі.

Ескертпе - Есептеуді жалпы есептеу, жеке конструктивтік есептерді есептеу, локалдық (жергілікті) есептеу сияқты әртүрлі моелдерді пайдалана отырып, үш деңгейде жүргізуге болады.

Жалпы есептеу: конструкцияда күш түсетін конструкцияға келетін әсерлер мен тепе-теңдікте тұрған және геометриялық өлшемдерден, конструктивтік шешімдер мен материалдардың қасиетіне тәуелді болатын күштердің, сәттердің және ынталардың өзара келісілген шамаларын анықтау.

### 1.3.4 Әсер етуге қатысты терминдер

Әсер ету ( $F$ ):

- а) имаратқа әсер ететін (тікелей әсер ету) күштердің (жүктемелердің) тобы;
- б) температураның немесе ылғалдылықтың өзгеруімен, негіздеменің тегіс емес шөгіндісімен немесе жер сілкінісімен (жанама әсер ету) шақырылған қосымша берілген деформациялардың немесе тербелістердің тобы.

Әсер етудің әсері ( $E$ ): конструкция элементтеріне (мысалы, ішкі күштер, сәттер, кернеулер, деформациялар) әсер етудің немесе әсер етумен шақырылған имараттың барша реакциясының (мысалы, еңістер, бұрылыстар) нәтижесі.

Тұрақты әсер ету ( $G$ ): оның шамасының уақытша өзгеруі, орташа мәнмен салыстырғанда елеусіз болатын, пайдалануға берудің барлық кезеңі ішіндегі әсер ету,

немесе өзгеруі нақты шекті мәнге жеткенге дейін бір сарынды және бір бағытта болатын әсер ету.

Ауыспалы әсер ету ( $Q$ ): оның уақыт бойынша шамасының өзгеруі елеусіз де емес және бір сарынды да болып табылмайтын әсер.

Сейсмикалық әсер ету ( $A_E$ ): жер сілкінісі кезіндегі топырақтың жылжуымен пайда болған әсер.

#### **1.3.5 Материалдар мен бұйымдардың қасиетіне қатысты терминдер**

Сипаттамалық мән ( $X_k$  немесе  $R_k$ ): сынақтың гипотетикалық шексіз саны кезінде асып кетпедің нақты мүмкіндігі бар материалдың немесе бұйымның қасиетін сипаттайтын мән. Сипаттамалық мән, әдетте, қарастырылатын материалдың немесе бұйымның қабылданған статистикалық бөлуінің нақты квантиліне сай келеді. Кейбір жағдайларда номиналдық мән сипаттамалық ретінде қолданылады.

Материалдың немесе бұйымның қасиетінің есептік мәні ( $X_d$  немесе  $R_d$ ): материалдың және бұйымның қасиетінің көрсеткішінің сипаттамалық мәнін  $X_k$  немесе конструктивтік элементтің көрсеткішінің қасиетін  $R_k$   $\gamma_m$  немесе  $\gamma_M$  жеке коэффициентке бөлу нәтижесінде алынатын, ерекше жағдайларда – тікелей анықталатын мән.

Материалдың немесе бұйымның қасиетінің номиналдық мәні ( $X_{nom}$  немесе  $R_{nom}$ ): тиісті құжатта, мысалы, еуропалық немесе алдын-алу стандартында, анықталатын сипаттамалық мән ретінде қолданылатын мән.

#### **1.3.6 Тас конструкцияларды жобалауға қатысты терминдер**

Тас қалау: нақты тәртіпте қаланған және ерітіндіні қолдану арқылы біріктірілген тастардан (бұғаттардан) жасалған конструкция.

Арматураланбаған тас қалау: толық арматурасы жоқ, оны, арматураланған тас қалау ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейтін тас қалау.

Арматураланған тас қалау: ерітіндіге бетон сырығын немесе торларды армотас конструкциялар әсер етудің әсерлеріне кедергі жасау кезінде бірігіп жұмыс істейтіндей етіп жасалғандардан тұратын қалау.

Алдын-ала кернелген тас қалау: ішінде алдан-ала кернелген арматура арқылы тегіс ішкі қысатын кернеулер пайда болатын қалау.

Шектейтін тас қалау (күшейтуі бар қалау): тік және көлбеу арматураланған бетондық немесе армотастық енгізулер мен (шектейтін элементтермен) күшейтілген тас қалау.

Тас қалауды байлау: өзара әрекетке қол жеткізу мақсатында, нақты ережелер бойынша тастарды (бұғаттарды) қалау ішінде ретті жүйелілікте орналастыру.

Тас қалаудың сипаттамалық беріктілігі: сынақтың гипотетикалық шексіз сериясында асып кетпедің 5% мүмкіндігі бар тас қалаудың беріктігінің мәні. Бұл құндылық сынақ сериясында материалдың немесе қалаудың нақты көрсеткішін қабылданған статистикалық бөлудің көрсетілген фрактиліне сәйкес келеді. Жеке жағдайларда сипаттамалық беріктілік ретінде номиналдық беріктілікті қолданады.

Тас қалаудың қысуға беріктігі: ол арқылы қалаудың стандарттық элементіне сынақ кезінде, бойлық иілу және жүктеменің эксорталығы жоқ кезде жүктеме берілетін, тақтайшаның әсер етуінің есебісіз орталық қысуға келетін тас қалаудың беріктігі.

Тас қалаудың кесуге (жылжытуға) беріктігі: тас қалаудың кесу (жылжыту) күштерінің кезіндегі беріктігі.

Тас қалаудың ию кезінде созылуға беріктігі: тас қалаудың таза ию (ию сәтінде) кезінде созылуға беріктігі.

Арматураны бетонмен біріктірудің беріктігі: арматураға созу немесе қысу күштерінің әсері кезінде біріктірудің арматура және бетон немесе ерітінді арасындағы беттің ауданының бірлігіне беріктігі.

Қалауды біріктірудің адгезиялық беріктігі (адгезия): ерітінді және тастардан немесе бұғаттардан жасалған қалаудың байланыс беті арасында туатын созылуға немесе кесуге (жылжуға) кедергі.

Тас (бұғат): тас қалауда қолдану үшін алдын-ала қалыптастырылған элемент.

Тастардың (бұғаттардың) 1, 2, 3 және 4 топтары: тастардың (бұғаттардың) қуыстың пайыздық үлесі және олардың қалаудан кейін құрылыс бұғатында орналасуы бойынша мәндері.

Тіреу беті: тастың (бұғаттың) жобалық жағдайға қаланғаннан кейінгі жоғарғы және төменгі беті.

Кертпе (астауша): тасты (бұғатты) әзірлеу кезінде бір немесе екі тіреу бетінде пайда болған шұңқыр.

Қуыс: тас (бұғат) арқылы толық немесе жартылай өтетін тастағы (бұғаттағы) ендік кеңістік.

Тастың (бұғаттың) ішкі қабырғасы: тастың (бұғаттың) қуыстары арасындағы тастың (бұғаттың) материалынан жасалған бөлу қабырғасы.

Тастың (бұғаттың) сыртқы қабырғасы: тастың (бұғаттың) қуыстары мен оның сыртқы бетінің арасындағы тастың (бұғаттың) материалынан жасалған бөлу қабырғасы.

Тасты (бұғатты) қысудың беріктігі: тастың (бұғаттың) белгілі санын қысудың орташа беріктігі (EN 771-1 – EN 771-6 қар.).

Тасты (бұғатты) қысудың келтірілген (мөлшерленген) беріктігі: тастардың (бұғаттардың) әуе-құрғақ жағдайда ені мен биіктігі 100 мм эквивалентті тасты (бұғатты) қысудың беріктігі бойынша есептемедегі беріктігі (EN 771-1 – EN 771-6 қар.).

Қалау ерітіндісі: бір немесе бірнеше органикалық емес тұтқырлардан, толтырудан, сулардан және қажеттілікке байланысты, қалаудың көлбеу, істік және бойлық жіктері үшін, жіктерді өшіру және сөгу үшін қолданылатын қоспалардан және/немесе толтырудан тұратын қоспа.

Ерітіндінің қысуға беріктігі (қысуға беріктілік бойынша ерітіндінің маркасы): үлгілердің белгіленген көлемін 28 тәулік жасында қысудың орташа беріктігі.

Көлбеу жік: тастардың (бұғаттардың) тіреу беттерінің арасындағы ерітінділік жік.

Тік жік: көлбеу жік пен қабырға бетіне перпендикуляр ерітінділік жік.

Көлденең жік: қабырға шегінде қабырғаның бетінде тік және параллель өтетін ерітінділік жік.

Қуыстарды толтыруға арналған бетон: тас қалаудағы қуыстарды толтыру үшін қолданылмалы бетон қоспасы.

### **1.3.7 Арматуралау және байланыстар**

Болат арматура: болат арматурадан жасалған тас конструкцияларда қолданылатын және созу-қысу жұмыстарын жүргізуге арналған тізбектік созылыңқы элементтер.

Арматуралық торлар (арматуралық өнімдер) көлденең тігістерді арматуралауға арналған: қалаудың көлденең тігісіне салынатын арматуралық сымнан жасалған торлар, жазық арматуралық қаңқалар.

Тас қалауының (байланыс құралы) байланысы: екіқабатты немесе күш түсетін қабырғасы мен қаңқасы бар бір қабатты (сонымен қатар қаптауышы бар) тас қалауын біріктіруге арналған тас қалауының элементі, болат өзек, арматуралық өнім, полимер материалдан жасалған өнім.

Анкер (анкерлі құрал), тұтастырғы: тас қалауының элементтерін (қабырғасын, діңгектерін) біріктіруге арналған жабын және шатыр конструкциялары бар құрал.

#### **1.3.8 Қабырға түрлері**

Күш түсетін қабырға: конструкцияның өз салмағына түсетін тұрақты және айнымалы ауырлықтар мен әсерлерін қабылдайтын қабырға.

Бірқабатты қабырға: бос кеңістігі немесе бойлық бірде-бір тігісі жоқ қабырға.

Ауа қабаты бар екіқабатты және жылу сақтау астары бар қабырға: екі параллельді бірқабатты қабырғадан тұратын бос аралық кеңістігі (ауа қабаты бар екіқабатты қабырға) немесе аралық кеңістігі жылу сақтау астармен толтырылған (екіқабатты жылу сақтау астары бар қабырға) немесе жартылай толтырылған (екіқабатты құдықты қалаумен жасалған және жылу сақтау астары бар) қабырға.

Ескертпе 1 Берілген анықтамаға сәйкес аралық кеңістікпен бөлінген екі қабаттан тұратын, оның ішінде біреуі қаптама (сәндік) және күш түспейтін болып табылатын қабырға екіқабатты қабырға болып саналмайды.

Ескертпе 2 Бұл қабырғаларды ажыратуды жеңілдету үшін әрі қарай оларды «екіқабатты ауа қабаты бар қабырға» деп белгілейді.

Екіқабатты ауа қабаты жоқ қабырға: екі параллельді қабаттардан, бойлық ерітіндімен толтырылған байланыспен (анкерлермен) біріктірілген тігістен және екі қабаттың да әрекеттесуін қамтамасыз ететін қабырға.

Аралығы бетонмен немесе ерітіндімен толтырылған үшқабатты қабырға: екі параллельді қабаттардан аралығы бетонмен немесе ерітіндімен толтырылған қабырға. Және де қабаттары байланыспен (анкерлермен) немесе көлденең тігісі арматурамен біріктірілген.

Бірқабатты қаптауыш қалау: қабырғаның ішкі қабатымен бірге қаптауыш тастарды (блоктар) қалау, осылайша екі қалау да берілген жүктеме арқылы әрекеттеседі.

Кесу (қолғалту) үшін қолданылатын қабырға: жазықтықта кездесетін көлденең күштерді қабылдайтын қабырға, әрі қарай қабырға-диафрагма.

Қабырға қаттылығының қыры: келесі қабырғаға тік бұрышта орналасқан және ол үшін көлденең күшті қабылдайтын немесе бойлық иілімде тұрақтылығын арттыратын тірек қызметін атқаратын қабырға (контрфорс).

Күш түспейтін қабырға: салмақтарды қабылдамайтын және ғимараттың жалпы тұрақтылығына әсерін тигізбейтін қабырға.

#### **1.3.9 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 қолданылатын терминдер**

Тәртіп коэффициенті: тізбектік есеп нәтижесінде алынған тізбектік емес құрылыс әсерін есепке алу мақсатында, күшті азайту үшін жобалауда пайдаланытын коэффициент.

Күш түсетін қабілеттілігі бойынша жобалау әдісі: берілген жобалау әдісі бойынша конструкциялық жүйеде таңдау жасап, сәйкесінше энергияны диссипациялауға арналған элементтерді құрастырады. Алайда басқа да конструкциялық элементтер берілген элементтердің қабілетті болып қалуы үшін мықты болу керек.

Сейсмикалық қауіп: ең жоғарғы деңгейдегі берілген мүмкіндікте көрсетілген аймақта белгілі бір уақыт аралығы мен жер сілкінісі қайталауымен пайда болатын сейсмикалық әсерлер.

Сейсмикалық салмақтар: сейсмикалық әсер арқылы ғимараттарға әсер ететін екпінді күштер.

Ғимараттар мен имараттардың сейсмикалық тұрақтылығы: ғимараттар мен имараттардың өзінің беріктігі мен эксплуатациялау қасиеттерін ҚР ҚН EN 1998 сәйкес сақтап, сейсмикалық әсерлерге төтеп беруі.

Арнайы техникалық шарттары: берілген ғимаратқа жоқ ережелердің орнын басатын жобалау мен құрылысқа ерекше атаулы ережелер.

Әсер ету спектрі (жауап): максималды әсерлердің абсолют мәндерінің жиынтығын көрсететін, меншікті жиілік функциясы ретінде құрылған осциллятор демпфирінің параметрі кестесі.

Диссипативтік конструкция (dissipative structure): пластикалық гистериздік әсер және/немесе басқа да механизмдер арқылы энергияға диссипацияланатын конструкция.

Динамикалық тәуелсіз бөлік: негізі толқуға бейім және олардың әсері көршілес имараттар мен бөліктеріне байланысты еме имарат немесе имараттың бөлігі.

Жауапкершілік коэффициенті: имараттың тоқтап қалу салдарын ескеретін коэффициент.

Диссипативті емес имарат: материалдың тізбектік емес тәртібін ескермейтін арнайы сейсмикалық есептік жағдайға жобаланып қойылған имарат.

Конструкциялық емес (күш түспейтін) элемент: өзінің жеткіліксіз берік болғаны немесе имаратпен қосылу әдісі үшін, элемент ретінде жобалауда қарастырылмайтын, конструкцияға түсетін сейсмикалық салмақты қабылдайтын архитектуралық, механикалық немесе электрлік элемент, жүйе немесе компонент.

Бастапқы элементтер: конструкциялық жүйенің бөлігі ретінде қарастырылатын сейсмикалық әсерлерге қарсы тұратын, сейсмикалық есеп кезінде өңделетін, EN 1998 талаптарына толықтай сай келетін элементтер.

Қосымша элементтер: конструкциялық жүйенің бөлігі ретінде қаралмайтын элементтер.

Ескертпе - Бұл элементтердің ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелерімен сәйкес болуы шарт емес. Алайда олар қозғалыс болған жағдайда сейсмикалық есепке сай гравитациялық салмаққа төзімді жобаланады және құрылады. Осы құжатта қосымша элементтер қарастырылмайды.

Қарапайым тас ғимарат: ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 арнайы талаптарын қанағаттандыратын тас ғимарат, сол талаптарды сақтау кезінде «қарапайым тас ғимараттар» ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 негізгі талаптарын қауіпсіздікті сараптамалық тексерусіз қанағаттандыратын болып саналады.

1.3.10 Осы Құралда қолданылатын кейбір атаулардың анықтамалары мәтіннің қажетті тұстарында көрсетілген.

## 1.4 СИ халықаралық бірліктер жүйесі

1.4.1 СИ бірліктері ISO 1000 сәйкес қолданылуы керек.

1.4.2 Есептеу кезінде келесі өлшеу бірліктері кепілдемелік болып табылады:

– күшейту мен жүктемелер:	кН, кН/м, кН/м <sup>2</sup>
– салыстырмалық масса:	кг/м <sup>3</sup> , т/м <sup>3</sup>
– масса:	кг, т
– салыстырмалық салмақ:	кН/м <sup>3</sup>
– кернеулер мен беріктік:	Н/мм <sup>2</sup> (= МН/м <sup>2</sup> или МПа), кН/м <sup>2</sup> (= кПа)
– сәттер (иіліс, ж.т.б.):	кНм
– жылдамдату:	м/с <sup>2</sup> , g (= 9,81 м/с <sup>2</sup> )

## 2 СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДА ТАС ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

### 2.1 Негізгі ережелер

2.1.1 [9.1(2)P] Тас ғимараттарды жобалау негізі болып ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 және ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 берілген қағидаттар мен қағидалар болып табылады.

Сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарды жобалаудың арнайы қағидаттар мен қағидалары берілген құжаттың ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 9-тарауында көрсетілген. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1996-2:2006/2011 және ҚР ҚН EN 1996-3:2006/2011 көрсетілген қағидаттар мен қағидаларға қатысты қосымша болып табылады.

2.1.2 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 баптарына және осы құжатқа сәйкес жобаланған тас ғимараттар және олардың жеке элементтері ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 мен осы құжатта басқа шарттар берілмесе, ҚР ҚН EN 1990 – ҚР ҚН EN 1997, ҚР ҚН EN 1999 көрсетілген қағидаттар мен қағидаларға сәйкес келуі керек.

2.1.3 Осы құжаттар көрсетілген Ережелерді «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсерлер» және «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралдарының ережелеріне сай қолдану керек.

Ескертпе - Құжаттың «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсерлер» ережелерін құрылыс алаңын таңдау кезінде, есептік сейсмикалық жағдай оның сейсмикалық сипаты мен сейсмикалық әсер ету параметрлерін анықтау бойынша қолданылады.

«Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралының ережелерін ғимараттың конструкциялық-жоспарлау ісінде, олардың жауапкершілік қатарын анықтауда, сонымен қатар ғимараттардың есеп айыру модельдерін таңдау кезінде, сейсмикалық әсерлердің әсерін есептегенде және ғимараттың «бүлінудің жоқ болуы» және «зақымдану шектеуі» талаптарына сай қолданылады.

2.1.4 4.2.1(2) ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 көрсетілген қағидаттар мен қағидаларға және «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралына сәйкес сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарын жобалау кезінде:



- ғимараттың конструкциялық жүйесінің қарапайымдылығын;
- бірыңғайлығын, симметриялығын және артықтығын;
- төзімділігі мен екі тік бағыттағы қатаңдығын;
- төзімділігі мен жоспардағы ширатудағы қатаңдығын;
- қабатаралық жабындардың бірдей қатаңдығын;
- іргетастың конструкциялық шешімінің бірдей болуын қамтамасыз ету қажет.

Ескертпе - Негізгі қағидалардың толық анықтамасы «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралының 2.3.1-2.3.6 бөлімдерінде көрсетілген.

2.1.5 Тас ғимараттар бір-бірімен көлденең және тік бағытта байланысқан қабырғалар мен жабындардан тұруы керек [9.5.1(1)P].

Тас ғимараттың жабыны мен қабырғалары сейсмикалық әсерлерге төзімді болу үшін конструкциялық жүйе құруы керек.

2.1.6 Сейсмикалық аймақтарда құрылыс жүргізу үшін жобаланатын тас ғимараттардың конструкциялық жүйелері «тұрақты» және «қалыпты тұрақты емес» конструкциялық жүйелерге қойылатын «Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралына сәйкес болуы қажет.

Ескертпе - Тас ғимараттарының тұрақты және қалыпты тұрақты емес конструкциялық жүйелердің айырмашылығы жобалау аспектілері үшін:

а) ғимаратты классификациялауға байланысты ғимараттың есептік моделі қарапайым жазық немесе кеңістіктегі қалпында ұсынылады [4.2.3.1(2)];

б) қарапайым амалға (көлденең күштер әдісіне) немесе модальды спектрлі талдауға [4.2.3.1(2)] негізделген есептік сейсмикалық салмақтарды анықтау әдісі;

в) азаюы мүмкін  $q$  коэффициентінің мәні:

- конструкциялық жүйе тұрғысында тұрақты емес үшін;
- конструкциялық жүйенің биіктігі бойынша тұрақты емес үшін;
- ширату қаттылығы жеткіліксіз конструкциялық жүйелер үшін.


2.1.7 «Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралының 3.2 мен 3.3 конструкциялық жүйесінің тұрақтылық өлшемдері міндетті талап ретінде қарастырулары қажет.

Ғимараттың қабылданған тұрақтылықты бағалауы басқа көрсеткіштер бойынша нашарламауын тексеру қажет [4.2.3.1(5)P].

2.1.8 Қабырға конструкцияларының ғимарат жоспарында орналасуына байланысты тас ғимараттардың конструкциялық жүйесі мынадай болады:

- айқасқан-қабырғалы (көлденең және бойлық сейсмикалық салмақтарды қабылдайтын қабырғалармен);
- көлденең-қабырғалы (көлденең сейсмикалық салмақтарды қабылдайтын қабырғалармен);
- бойлық-қабырғалы (бойлық сейсмикалық салмақтарды қабылдайтын қабырғалармен);

2.1.9 Сейсмикалық аймақтарда салынатын тас ғимараттардың конструкциялық жүйесін екі ортогоналды бағытта сейсмикалық әсерлердің бірдей қабылдануын қамтамасыз ете алатын айқасқан-қабырғалы деп санау қажет. (2.1 сур.кар.).



**2.1-сурет – Бойлық (а)) және көлденең (б)) қабырғалардағы жиналмалы темірбетондық арақабырға тақтайшаларына тірелген айқасқан-қабырғалы конструктивтік жүйелер**

2.1.10 2.1.9 ұстану үшін қабырға-диафрагмалар ең кемі ғимараттың екі ортогоналды бағытында орналасуы тиіс [9.5.1(4)Р].

Ескертпе - Қабырға-диафрагмалар деп өз жазығында көлденең салмақтарға қарсыласа білетін қабырғаны айтады (1.3.9 қара).

2.1.11 Тас ғимараттардың қабырға-диафрагмаларын ҚР ҚН ЕН 1998-1:2004/2012 мен осы құралда көрсетілген талаптарға сай жобалау қажет.

Айқасқан-қабырғалы конструкциялық жүйелі ғимараттардың қасбет қабырғалары мен сыртқы қаптауышы тас қабырғалы-диафрагма талаптарына сәйкес болу керек.

2.1.12 Әдетте тас ғимараттарда:

- сыртқы көлденең қабырғалы-диафрагмалардан бөлек сыртқы және ішкі көлденең қабырғалармен байланысқан кемінде бір ішкі көлденең қабырғалы-диафрагманы қарастыру керек;

- баспалдақтардың ұзына бойғы тас қабырғалары ғимараттың барлық енінен өтіп, та қабырға-диафрагмаларға қойылатын талаптарға сай болу керек.

2.1.13 Ғимараттың конструкциялық жүйесіндегі жабындар мен қабырғалардың жұмысын темір бетонды немесе болат арқалықпен (антисейсмикалық белдіктер) жүргізу [9.5.1(2)Р].

2.1.14 Қабатарлық және тас ғимараттар жабындары:

- көлденең жазықтықта бірдей қаттылыққа ие болуы керек;
- олар үшін қолданылатын материалдардың түріне қарамастан, вертикаль конструкциялардың жұмыстарының үйлесімділігін қамтамасыз етуі керек.

- «Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы ережелер» құралының талаптарын және осы Құралдың ережелерін қанағаттандыру.

2.1.15 Тас ғимараттардың абсолютті және салыстырмалы геометриялық өлшемдері жоспар және биіктігі бойынша осы Құралдың 6 бөлігінде көрсетілген ережелерге сәйкес келу керек.

2.1.16 Тас ғимараттарды жобалау мен құрылысы кезінде мынаны ескеру керек:

- сейсмикалық тұрғыдан қолайлы құрылыс алаңын таңдау;
- есептік сейсмикалық жағдайдың, құрылыс алаңының топырақтық жағдайларының, конструктивтік шешімдер мен объектінің жауапкершілігінің есебімен сейсмикалық әсер ету параметрлерін анықтау;
- қажетті көлемді-жоспарлы және конструкциялық шешімдерді қабылдау;
- қажетті материалдар мен құрылыс технологиясын пайдалану;
- есеп нәтижесіне сәйкес күш түсетін және күш түспейтін элементтердің құрастыру;
- арнайы конструкциялық талаптарды ұстану;
- жоба мен құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізу;
- жоба сапасы мен құрылыс жұмыстарын бақылау жүйесі.

2.1.17 Егер конструкциялық жүйе жоспар және биіктігі бойынша тым тұрақты емес болса, онда оны қайта қарау қажет болады. Басқа жағдайда мұндай ғимараттардың жұмысын арнайы техникалық талаптар бойынша және сейсмикалық төзімді құрылыс саласында қызмет ететін ғылыми-техникалық ұйымдардың араласуымен жүргізу қажет.

2.1.18 Осы Құралда көрсетілген тас ғимараттарды жобалау қағидалары:

- құрылыс алаңдарының сейсмикалық қаупі;
- қабырға құрылысында пайдаланылатын тас қалауларының типтері;
- қабатаралық жабындардың конструкциялық шешімдері;
- ғимарат биіктігі бойынша сараланады.

## 2.2 Құрылыс алаңшаларын сейсмикалық қауіптілік бойынша жіктеу

2.2.1 Осы Құралдың аясында құрылыс алаңдарының сейсмикалық қауіптілігі антисейсмикалық шараларсыз орындалған ғимараттарға арналған Жер бетінде жер сілкінісінің болжамдық болуын сипаттайтын баллдармен бағаланады.

2.2.2 Қолданыстағы «Жер сілкінісінің қарқындылығын бағалауға арналған шкалалар MSK-64 (K)» қағидаларының есебімен, осы Құралда сейсмикалық қауіптілік бойынша құрылыс алаңдарының келесі градациясы қабылданған:

- а) сейсмикалық қаупі өте төмен – 6 баллға дейін;
- б) сейсмикалық қаупі төмен – 6 балл;
- в) сейсмикалық қаупі бір қалыпты – 7 балл;
- г) сейсмикалық қаупі жоғары – 8 балл;
- д) сейсмикалық қаупі өте жоғары – 9 балл;
- е) сейсмикалық қаупі апатты жоғары – 9 балл.

Ескертпе 1 Ары қарай «сейсмикалық қауіпті алаң...» орнына – «сейсмикалық алаң... балл» деп беріледі.

Ескертпе 2 «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен имараттар. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсерлер» Құралының ережелеріне сәйкес:

- сейсмикалық қаупі өте төмен алаңдар (6 баллға дейін) 0,05g дейінгі үдеткішімен белгіленеді;
- сейсмикалық қаупі төмен алаңдар (6 балл) 0,05g-ден 0,10g дейінгі үдеткішімен белгіленеді.

## **2.3 Тас қалаулардың типтері**

2.3.1 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (1.5.2.2, 1.5.2.3, 1.5.2.4, 1.5.2.5 қар.), ережелеріне сай қабырға тұрғызу үшін қолданылатын тас қалауларының типтері келесідей топтастырылады:

- арматураланбаған тас қалау;
- шектеулі тас қалау (әйтпесе – кешенді құрылыс қалауы);
- арматураланған тас қалау;
- алдын-ала қиындатылған тас қалау.

2.3.2 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 мен осы Құралда берілген тас ғимараттарды сейсмикалық аймақтарда жобалау қағидаттары мен қағидалары арматураланбаған, шектеулі және арматураланған тас қалаумен тұрғызылған ғимараттарды жобалауда қолданылады.

Ескертпе - Алдын-ала қиындатылған тас қалау бойынша сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттар жобалауын арнайы техникалық талаптарға сай жүргізу керек.

2.3.3 2.3.1-тармағында көрсетілген қалау бойынша салынған қабырғалар, осы Құралда келесідей топтастырылады: (2.3.3.1–2.3.3.6 қар.):

- ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай арматураланбаған тас қалаулы қабырғалар;
- ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай шектеулі тас қалаулы қабырғалар;
- ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай арматураланған тас қалаулы қабырғалар;
- ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 қосымша арнайы ережелері мен берілген Құралдың ережелеріне сай арматураланбаған тас қалаулы қабырғалар;
- ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 қосымша арнайы ережелері мен берілген Құралдың ережелеріне сай шектеулі тас қалаулы қабырғалар;
- ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 қосымша арнайы ережелері мен берілген Құралдың ережелеріне сай арматураланған тас қалаулы қабырғалар.

2.3.4 Қабырға түрлерінің қысқаша сипаты 2.3.4.1-2.3.4.6 көрсетілген.

2.3.4.1 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай арматураланбаған тас қалау бойынша тұрғызылған қабырға беріктігі:

- тас қалауының сәйкес элементтері мен құрылыс ерітіндісі пайдалану;
- тас қалауы элементтерін байланыстыру схемасын пайдалану;
- тас қалауы элементтері арасында қажетті тұтасуды қамтамасыз ету нәтижесінде жүзеге асады.

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай арматураланбаған тас қалауы арқылы тұрғызылған қабырғалар керек кезде жергілікті арматураланған (мысалы, салмақ шоғырланған аймақтарда) болуы мүмкін.

2.3.4.2 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай шектеулі тас қалауынан тұратын қабырғалар беріктігі 2.3.4.1-тармағында көрсетілген шаралардан басқа құралдармен де қамтамасыз етіледі.

Вертикаль және горизонталь элементтер вертикаль баған-орама және сәйкесінше горизонталь баған-орама деп жіктеледі. Шектейтін элементтер ҚР ҚН EN 1996-1-

1:2005/2011 қағидаларына сәйкес келетін көлденең қиысу мен арматуралаудың минималдық өлшемдерінің қабырғадағы жоспарда және биіктік бойынша орналастыру қадамы арқылы қарастырылады.

Ескертпе - 8.4(3) ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес шектеулі элементтер қадамы тік және көлденең бағыттарда 4 м аспауы керек.

2.3.4.3 ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай арматураланған тас қалауынан тұратын қабырғалар беріктігі 2.3.3.1-де көрсетілген шаралардан басқа құралдармен де қамтамасыз етіледі.

Арматуралау тік қалау тігістерінде және монолиттенген көлденең қуыстарда қаралады. Қабырғаны тік және көлденең арматуралау ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелерімен регламенттеледі.

Ескертпе - Арматураланған тас қалау құрылыс элементтерінде, арматураны элемент беріктігімен есептегенде, негізгі арматураның көлденең қима ауданы тас қалаудың тиімді қима ауданынан 0,05 % кем болмауы керек (8.2.3(1) ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011).

2.3.4.4 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелеріне сай арматураланбаған тас қалаулы қабырғаларда тік темірбетонды арқалықтар (антисейсмикалық белдіктер) және қабатаралық жабындар мен жабулар деңгейінде орналасқан болат бекіткіштер қарастырылады.

2.3.4.5 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелеріне сай шектеулі тас қалаулы қабырғаларда ең төмен өлшем мен арматурасы бар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелеріне сай көлденең және тік темірбетонды шектеулі элементтер қарастырылады.

2.3.4.6 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 арнайы ережелеріне сай арматураланған тас қалаулы қабырғалардың көлденең және тік арматуралануының қарқындылығы ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 көрсетілгендей болуы шарт.

2.3.5 Ұлттық тәжірибеге сай арматураланбаған және шектеулі тас қалаулы қабырғалар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелеріне сай сейсмикалық әсерлердің деформациялануынан олардың беріктігі мен мүмкіндігін арттыру үшін көлденең қалау тігісінде орналасқан қосымша арматуралық торлармен күшейтіледі.

Ескертпе - Арматураланбаған, шектеулі және арматураланған тас қалаулы қабырғаларға деген толық талаптар 3-тарауда көрсетілген.

## **2.4 Қалауларды байлаудың материалдары мен схемалары**

### **2.4.1 Тас қалау элементтерінің типтері**

2.4.1.1 Тас ғимараттарды қарапайым жағдайда жобалау кезінде қолдануға жол берілетін тас қалау элементтерінің ерекшелігі ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (3.1-тармақшасы, 3.1-кестені қар.) қағидаларымен регламенттелінеді.

Ескертпе - ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне сай жалпы жағдайларда қалыпты жағдайда тас ғимараттардың қабырға конструкцияларының тас қалауын тұрғызу үшін мыналар қолданылады:

- EN 771-1: 2003 стандарты бойынша тас қалауының саз элементтері;
- EN 771-2 стандарты бойынша тас қалауының кальций-силикат элементтері;
- EN 771-3 стандарты бойынша тас қалауының (тығыз және жеңіл салмақты толтырғыштар) біріктірілген бетон элементтері;

–EN 771-4 стандарты бойынша (газ, көбік, ұяшықбетонды) автоклав аэрленген бетонды элементтері;

– EN 771-5 стандарты бойынша тас қалауының жасанды тастар элементтері;

– EN 771-6 стандарты бойынша тас қалауының табиғи тастар элементтері.

2.4.1.2 Тас қалауды әзірлеу үдерісі кезіндегі сапаны бақылаудың дәрежесіне байланысты тас қалаудың элементтері I немесе II санаттары бойынша жіктелуі керек (EN 771, 1-6-бөлімдерін қар.).

Тас қалау элементтерін I немесе II санаттары бойынша жіктеуді материалға қатысты жеке коэффициенттің тиісті мәнін таңдау үшін жүзеге асыру керек (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 2.4.3 қар.).

Ескертпе - I санатты тас қалау элементтері – 5 % аспайтын бас тартуға ықтимал қол жеткізуі бар қысуға берілген беріктілігі бар элементтер. Қысуға беріктілігі EN 771 және EN 772-1 еуропалық стандарттар сериясының талаптарына сәйкес орындалған сынақтардың негізіндегі орта немесе сипаттық мәні арқылы орнатылады.

II санатты тас қалау элементтері – I санаттың элементтеріне қойылатын сенімділік деңгейіне сәйкестендіруге арналмаған элементтер. Мұндай элементтердің қысуға деген орташа беріктілігі EN 771 Еуропалық стандарттардың сериясына сәйкес өндіруші берген мәнге сай келуі керек. II санаттағы қалау элементтеріне қосымша талаптар қойылмайды. Берілген өлшемдері бар табиғи тастардан жасалған тас қалауының элементтерін II санаттың элементтері ретінде қарастыру керек.

2.4.1.3 Тас қалау элементтерінің түрлері мен геометриялық ерекшеліктеріне (куыстардың жалпы көлемі, куыстар мен қабырға қалыңдықтарының өлшемдері) байланысты тас қалау элементтері топтарға жіктеледі (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.1-кестені қар.)

Тас қалауында пайдаланылатын элементтер тобы сығудағы сипаттамалық беріктікті есептеу үшін керек.

2.4.1.4 [9.2.1(1)] Сейсмикалық аймақтағы тас ғимараттарды жобалауды жергілікті морт сынулардың алдын алатын жеткілікті беріктігі бар тас қалау элементтерін (тас, блок, кірпіш) қолдану арқылы жүзеге асыру керек.

2.4.1.5 Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарындағы жобалау мен құрылыстағы ұлттық тәжірибені, сондай-ақ замани шетелдік тәжірибені ескере отырып, сейсмикалық аймақтардағы тас ғимараттарды жобалауда қабырғалық конструкциядағы тас қалау үшін:


а) диаметрі 16 мм аспайтын вертикаль саңылаулары және/немесе жалпы көлемі 25 % аспайтын қуысы бар 1 топтың I және II санаттағы толық немесе қуысы бар саз және бетон элементтерді (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.1-кестенің 3.1-тармағын қар.);

б) 2 және 3 топтың I және II санатты, қуыстары вертикаль орналасқан қуыс бетонды элементтерді (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011, 3.1-кестенің 3.1-тармағын қар.) қолдануға рұқсат етіледі;

а) тармағында көрсетілген элементтер арматураланбаған, шектелген және арматураланған тас қалауда қолдануға рұқсат етіледі;

б) тармағында көрсетілген элементтер арматураланбаған, шектелген және арматураланған тас қалауда тек элементтердегі барлық қуыстарды бетонмен немесе ерітіндімен бүтіндеген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Ғимараттардың тас құрылысында қолдануға рұқсат етілген тас қалау элементтерінің өзіндік геометриялық формалары 2.1-суретте көрсетілген.



**Сурет 2.1– Тас қалаудағы элементтердің өзіндік геометриялық формалары (толық, қуысы бар толық, тесіктері бар, қуысы бар)**

2.4.1.6 Тас қалау мен қабырғалық тас қалаудағы элементтерді арнайы зерттеу нәтижелері бойынша:

– 771-3:2003 стандарты бойынша тас қалаудың біріктірілген бетондық элементтерді (тығыз және жеңіл толықтырғыштар негізінде) және соған ұқсас көрсетілген Еуропалық стандарттарға қайшы емес Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес элементтерді;

– EN 771-4:2003 стандарты бойынша автоклавты азирленген бетонды элементтер (ұялы бетонды) және соған ұқсас көрсетілген Еуропалық стандарттарға қайшы келмейтін Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес элементтерді;

– EN 771-5:2003 стандарты бойынша жасанды (өнеркәсіпте жасалған) тастардан қаланған тас қалаудың элементтері және соған ұқсас көрсетілген Еуропалық стандарттарға қайшы келмейтін Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес элементтерді;

– табиғи тастардан жасалған элементтерлі қолдануға жол беріледі.

2.4.1.7 Сейсмикалық күш- қуатты қабылдауға арналған қабырғалық құрылыстың тас қалаулары үшін:

– EN 771-2:2001 стандарты бойынша тас қалаудың кальций-силикатты элементтерді, сонымен қатар соған ұқсас Қазақстан Республикасының стандарттарының талаптарына сәйкес элементтерді;

– 4-топтың элементтерін және соған ұқсас элементтерді қолдануға тыйым салынады.

Ескертпе - ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.1-кестесіне сәйкес 4-топқа тас қалаудың көлденең орналасқан тесіктері мен қуыстары бар элементтері кіреді.

## **2.4.2 Тас қалау элементтерінің минималды беріктілігі**

2.4.2.1 [9.2.2(1)] Сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарды жобалау кезінде, құрылыс алаңдарының сейсмикалығы төмен жағдайлардан басқа, EN 772-1 сәйкес анықталатын тас қалаудың элементтерін сығудың мөлшерленген беріктігі:

– тіреуіш қалау бетіне нормалды бағыттан:  $f_{b,min} = 5 \text{ Н/мм}^2$ ;

– қабырға жазықтығындағы тіреуіш қалау бетіне параллель бағыттан:  $f_{bh,min} = 2 \text{ Н/мм}^2$  кем болмауы керек.

2.4.2.2 Құрылыс алаңдарының сейсмикалығы төмен жағдайларда тас қалаудың элементтерін сығуының қажетті беріктігі Еуропалық 771 стандарттар топтамасына сәйкес

– не өндірушінің мәлімдеуі бойынша;

– не EN 772-1 бойынша есептелген болып табылатын сығудың  $f_b$  мөлшерленген орташа беріктігі түрінде ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (3.1.2(1) қар.) сәйкес қабылдана алады.

### 2.4.3 Құрылыстық ерітінді

2.4.3.1 [9.2.3(1)]  $f_{m,min}$ , құрылыстық ерітіндіні сығудың минималды беріктігін, құрылыс алаңдарының сейсмикалығы төмен жағдайлардан басқа, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 атап өтілген беріктік көрсеткіштердің минималдық мәндерінен жоғары қабылдау керек.

Тас қалаудың құрылыстық ерітіндісін сығу беріктігінің көрсеткішінің мәні:

- арматураланбаған тас қалама үшін –  $f_{m,min}=5 \text{ Н/мм}^2$ ;
- шектеулі тас қалама үшін –  $f_{m,min}= 5 \text{ Н/мм}^2$ ;
- арматураланған тас қалама үшін –  $f_{m,min}=10 \text{ Н/мм}^2$  кем болмауы керек.

2.4.3.2 Құрылыс алаңдарының сейсмикалығы төмен жағдайларда құрылыстық ерітіндісін сығу беріктігінің көрсеткіші EN 1015-11:1999 сәйкес қабылдауға рұқсат етіледі.

2.4.3.3 Қабырғалық конструкцияның тас қаламаның ерітінді жіктері ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (8.1.5 қар.) ережелеріне сәйкес болуы керек.

### 2.4.4 Тас қалауды байлау

2.4.4.1 Жалпы жағдайларда тас қалаудың қажетті беріктігін оның тұтастығы арқылы, яғни, әсерлер салдарынан жеке телімдерге жіктелмеу қабілеттілігі арқылы қамтамасыз ету керек.

Тас қалаудың тұтастығын [9.2.4(1)]:

- тас қалаудағы элементтерді байлаудағы сай жүйені қолданумен;
  - құрылыс ерітіндісі бар қалау элементтерінің адекваттық тұтасуын қамтамасыз етумен бірге қамтамасыз ету керек.

Қалау элементтерінің ортақтастық жұмысын қамтамасыз ету үшін байлау жүйесінің сол элементтердің (жүйелілік, кезектілік) орналасуының белгілі заңдылығы болу қажет және ерітінділі қалаудың тік және көлденең жіктерінің құрылысымен қосақталуы керек.

2.4.4.2 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 ережелеріне сәйкес:

- тас қалаудың тік жіктері ерітіндімен толық толтырылуы қажет;
- ерітіндімен толтырылмаған тас қалаудың тік жіктерін қолдану рұқсат етілмейді.


Ескертпе - Ерітіндімен толтырылмаған, бірақ арасында механикалық байланыстары бар тас қалау элементтері бар тас қалаудың тік жіктерін қолдану арнайы зерттеулер нәтижелері негізінде белгілеу керек.

2.4.4.3 Қалау элементтерінің байланыс жүйелері, соның ішінде – өнеркәсіпте дайындалған, ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 8.1.4 қағидаларына сәйкес болуы керек.

Сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарды жобалау кезінде, құрылыс алаңдарының сейсмикалығы төмен жағдайлардан басқа, заңдылық ретінде тас қалауларда бір қатарлы тізбекті байлау жүйесін қолдану керек (2.2 суретті қар.).

Ескертпе - Құрылыс алаңдарының сейсмикалығы төмен жағдайларда тас қалауларды жобалау кезінде үш қатарлы байлау жүйесін қолдану рұқсат етіледі.





**Сурет 2.2 – Толық саз кірпіштен қаланған тас қалаулардағы кейбір тізбекті (а, б, в) және үш қатарлы (г) байлау жүйелерінің мысалдары**

2.4.4.4 Қабырғалық конструкциялардың тас қалаулары компоненттері арасында керекті тұтасуды қамтапмасыз ету қажет. ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.4.3.2 сәйкес элементтер арасындағы тұтасу EN 1052-3 және EN 1052-5 талаптарына сай болу керек.

2.4.4.5 Тас ғимараттарды тұрғызу кезінде қалаудағы дұрыс тұтасудың нақты шамасын анықтау үшін бақылау сынағын өткізу керек. Сейсмикалық аймақтарда тас қабырға – диафрагмасы бар ғимараттарды тұрғызу қалауды бақылау сынақтан өткізбей рұқсат етілмейді.


## **2.4.5 Тас қалаудан жасалған қабырғалық конструкциялардың типтері**

2.4.5.1 Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс үшін жобаланатын тас ғимараттардың қабырғалары ішкі бүтін қуыстары бар бір қабатты және үш қабатты бола алады.

2.4.5.2 Бір қабатты қабырға – бұл қабырға жазықтығындағы ішкі үздіксіз жігі жоқ тұтас тас қалаудан құралған қабырға. Бір қабатты қабырғалар:

- тік қуыссыз;
- тік арматуралаудан кейін немесе онсыз, тұтастандырудан кейін қабырға бойымен жеке немесе үнемі орналасқан шектеулі көлемді тік қуыстарымен жасалына алады.

Бір қабатты қабырғаның қалыңдығы тас қалаудың элементінің  $\frac{1}{2}$  бөлігіне есе тас қалаудың (кірпіш, тас, блок) элементінің  $\frac{1}{2}$ , 1,  $1\frac{1}{2}$ , 2 бөлігін құрай алады. (2.3-суретті қар.).



**Сурет 2.3 – Бір қабатты қабырғаның тас қалауының қалыңдығы: а) 1 элементке; б) 1½ элементке; в) 2 элементке; г) 2½ элементке**

Бір қабатты қабырғалардың деформациялануының беріктігі мен созылымдығын тас қалауды, қалау жіктерінде орналасқан, көлденең арматуралаумен (арматуралық тор) күшейту жолымен үлкейтуге болады.


2.4.5.3 Іші бүтінделетін қуысы бар үш қабатты қабырға – бұл ерітіндімен немесе бетонмен толтырылған, арасында үздіксіз тік қуысы бар тас қалаудың екі параллельді қабаттан тұратын қабырға. (2.4 а)-суретін қар.).

Тік қуыстың ұсынылатын ені 50–100 мм құрайды. Мұндай конструкцияның әрбір қаланған қабатының қалыңдығы әдетте кірпіштің (тастың, блоктың) ½ тең қабылданады, бірақ 120 мм-ден кем емес.

Конструктивтік түрі бойынша мұндай қабырға біртұтас болып қарастырыла береді. Оның тұтастығы тас қалаудың қабаттарының арасындағы ұстасуына және толтыру материалына байланысты. Жүк-салмақ астындағы қабырғаның сыртқы және ішкі қабаттарының жұмысының бірлесуін арттыру үшін оның сыртқы қабаттарын дискреттік металлды байланыстармен (2.4 б, в)-суретті қар.) немесе арматуралы торлармен (2.4 г)-суретті қар.) біріктіруге кепілдеме беріледі.


Қажет болса, қабырғаның ішкі бүтінделетін қабатын қосымша тік және көлденең арматуралаумен күшейтуге болады.

Ескертпе - Мұндай қабырғалардың түрін қолдану кезінде олардың жасалуының технологиялық ерекшеліктерін және тас қалаудың қабаттарының арасындағы тік қуысты бүтіндеу сапасын бақылауды ескеру керек.



**в) Металл қабырғалық байланыстар**


**г) Арматуралық тор**



**2.4-сурет – Үш қабатты қабырғалардың қағидаттық конструкциялық шешімдері**

2.4.5.4 Үш қабатты қабырғаларды қалаудағы сыртқы қабаттардың жұмысының ортақтастығын арттыру сонымен қатар қалаудың бір немесе бірнеше қатарын басып өту арқылы орындалатын үшкір қырлы тастардың көлденең қатарымен қамтамасыз етіледі (2.5-суретті қар.).

2.4.5.5 Күш түсетін қабырғалармен тығыз байланысты қасбеттік қабырғалардың қаптама қабаттарын қалау физикалық-механикалық қасиеттері күш түсетін қабырғалардың материалдары мен элементтерінің қасиеттеріне жақын материалдар мен элементтерді қолдану арқылы орындалуы керек.



**2.5-сурет – Қалаудың сыртқы қабаттарының жұмысының бірлестігін тастардың үшкір қырлы қатарымен қамтамасыз ету**

2.4.5.6 Сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарды жобалауда осы құралда ескерілмеген қабырғалық конструкциялардың басқа да конструктивті түрлерін тек арнайы зерттеулер жүргізгеннен кейін ғана қолдануға болады.

2.4.5.7 Тас қалаулардың бетондық толтырулары ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (3.1 қар.), ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (3.3 қар.) ережелеріне және осы құралда көрсетілген ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 мен арнайы қосымша ережелерге сәйкес келуі керек.

2.4.5.8 Тас қалауларда қолданылатын арматуралық болат ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (3.2 қар.), ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (3.4 қар.) және ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011) берілген ҚР НТҚ ережелеріне, сонымен қатар ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 және осы құралда келтірілген арнайы қосымша ережелерге сәйкес келуі керек.

### **3 СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДА САЛЫНАТЫН ТАС ҚАЛАУЛАРДАН ЖАСАЛҒАН ҚАБЫРҒА-ДИАФРАГМАЛАРҒА ЖӘНЕ ҒИМАРАТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН АРНАЙЫ ТАЛАПТАР**

#### **3.1 Жалпы ережелер**

3.1.1 Тас қалаулардан жасалған қабырға-диафрагмалары бар ғимараттардың конструкциясы:

- егер тас қалаудан жасалған қабырғалары бар ғимараттар «қарапайым тас ғимараттарға» жатпаса, онда тиісті есептеулер нәтижелеріне;
- осы тарауда келтірілген конструктивтік талаптарға;
- егер жобаланған ғимараттар «қарапайым тас ғимараттарға» жатса, 9-тараудың нұсқауларына сәйкес келуі керек.

3.1.2 Тас қабырғалары бар ғимараттарды жобалауда ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 ережелеріне және осы құралдың талаптарына сай (2-тарауды қар.) тас қалаудың элементтері (тастар, блоктар, кірпіштер) және ерітінділерді қолдану керек.

3.1.3 Сейсмикалық аймақтарда салынуға жобаланған тас ғимараттарда қуыстарды толтырмай жасалған немесе оларды күш түспейтін жылыту материалдарымен толтырған ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (1.5.10-тармақты қар.) бос-қуыс ретінде сыныпталған қабырға-диафрагмаларды қарастыру рұқсат етілмейді.

#### **3.2 Арматураланбаған тас қалаулардан жасалған қабырға-диафрагмаларға және ғимараттарға қойылатын талаптар**

3.2.1 Барлық арақабырға және жабын деңгейлерінде сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға арналған барлық бойлық және көлденең қабырға-диафрагмалардың үздіксіз арматураланған тұтас темірбетоннан немесе болат арқалықтан жасалған антисейсмикалық белдік немесе орама бөренелері болуы керек [9.5.2(1)].

Ескертпе - Антисейсмикалық белдіктердің құрама темірбетон жабындардың тақтайшаларын тіреуге арналған аймақтары болуы керек. Орама бөренелері үшін ондай аймақтар керек емес.

3.2.2 Биіктігі 4 м асатын қабаты бар ғимараттарда қабатаралық жабындар деңгейлерінде антисейсмикалық белдіктер мен орама бөренелерден басқа қабырға-диафрагмаларда қосымша көлденең тұтас темірбетон немесе болат орама бөренелер ескеру керек.

Жабындар деңгейінде орналасқан және қосымша көлденең орама бөренелері бар антисейсмикалық белдіктері мен орама бөренелері арасындағы қабырғалар бойымен биіктігі 4 м аспау керек [9.5.2(1)].

Ескертпе - Болат конструкциялар мен тас қалаудың жұмысының бірлестігін қамтамасыз етудің қиындығын ескере отырып, жаңа тас ғимараттарды жобалау кезінде темірбетон антисейсмикалық белдіктер мен орама бөренелер қолдану ұсынылады.

3.2.3 Антисейсмикалық белдіктер мен көлденең орама бөренелер ғимарат жоспарында кесілмеген тұйық пішіндер құрастыру керек [9.5.2(1)].

3.2.4 Темірбетон антисейсмикалық белдіктері (жабынның тіреу аумағы бар) мен орама бөренелер әдеттегідей қабырға-диафрагманың барлық қалыңдығында орналасуы тиіс. Қалыңдығы 500 мм және одан астам сыртқы қабырға-диафрагмаларда антисейсмикалық белдіктің ені қабырға қалыңдығынан 150 мм аз болуы мүмкін.

Темірбетон антисейсмикалық белдіктер (жабын тақтайшаларын тіреуге арналған тіреу аумақтарының биіктігін ескермей) мен көлденең орама бөренелердің биіктігі 150 мм кем болмауы керек.

Құрамалы темірбетон жабындарда антисейсмикалық белдіктер (жабын тақтайшаларын тіреуге арналған тіреу аумақтарының биіктігін ескермей) мен орама бөренелердің биіктігі жабын тақтайшаларының қалыңдығынан аз болмауы керек.

Ескертпе - Құрама темірбетон жабындары бар тас ғимараттарда қабат аралық жабындар деңгейінде орама бөренелерін құрылыс алаңдарының сейсмикалығы 7 баллдан аспау керектігін ескеру керек.

3.2.5 Антисейсмикалық белдіктер мен орайтын арқалықтарды ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кесте бойынша C12/15 кем емес етіп қабылдау керек.

Темірбетон антисейсмикалық белдіктер мен орайтын арқалықтарды арматуралау үшін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 C1-кесте бойынша В немесе С класының болатынан бойлық кезеңдік арматуралауды қолдану керек.

3.2.6 Антисейсмикалық белдіктер мен горизонталь орайтын арқалықтарды бойлық арматуралаудың көлденең қиысуының ауданы шектейтін элементтің көлденең қиысуының ауданынан  $300 \text{ мм}^2$  немесе 1% (қайсысы үлкеніне байланысты) кем емес болуы керек [9.5.3(6)].

Антисейсмикалық белдіктер мен горизонталь орайтын арқалықтарды:

- құрылыс алаңының 7 және 8 балл сейсмикалығы кезінде –  $4\phi 10$ ;
- құрылыс алаңының 9 және одан да жоғары балл сейсмикалығы кезінде –  $4\phi 12$  кем емес бойлық арматурасы бар кеңістіктік қаңқалармен арматуралауға кепілдеме беріледі.

3.2.7 Антисейсмикалық белдіктер мен горизонталь орайтын арқалықтардың кеңістіктік арматуралық қаңқаларын көлденең арматуралауды 5 мм кем емес диаметрі бар арматурадан жасалған иілген тұйық қамыттармен орындау керек. Антисейсмикалық белдіктер мен орайтын арқалықтардың ұзындығы бойынша қамыттардың қадамын 150 мм аспайтын етіп қабылдау керек [9.5.4.(7)].

3.2.8 Антисейсмикалық белдіктер мен горизонталь орайтын арқалықтарда бойлық арматураның ұзындығы мен соққылай қосылыстардағы арматура сырықтарын қайта жіберудің ұзындығы сырықтың 60 диаметрінен кем болмауы керек [9.5.3(9)].

3.2.9 Контур бойынша қабырға-диафрагмаларға бітелген монолиттік темірбетон арақабырғалары бар ғимараттарда қабатаралық арақабырғалардың деңгейінде антисейсмикалық белдік орнатпауға жол беріледі. Осы жерде монолиттік темір бетонды арақабырғалар төмендегі талаптарға сай келуі керек:

- арақабырға тақтайшаларының қалыңдығы 120 мм кем болмауы керек;
- тақтайшалардың қабырғаға сүйену телімдерінің тереңдігі 250 мм кем болмауы және 3.2.4 тармағына сәйкес келуі керек;
- қабырғаларға бітелген тақтайшалардың шеттері бойлық арматурасы бар кеңістіктік арматуралық қаңқалармен жалпы ауданы  $200 \text{ мм}^2$  кем емес кезеңдік бейіннің төрт сырықтарынан кем емес етіп күшейтілуі керек;
- кеңістіктік арматуралық қаңқалардың көлденең арматуралауын диаметрі 5 мм кем емес арматурадан жасалған иілген тұйық қамыттардан жасау керек; кеңістіктік қаңқалардың қамыттарының қадамын 200 мм артық емес етіп қабылдау керек;

– бойлық арматураны анкерлеудің ұзындығы мен соққылай жасалған түйістердің ұзындығы арматураланған бетон конструкцияларды жобалауға қатысы бар ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 қағидаларына сәйкес келуі керек;

3.2.10 Ғимараттың жоғарғы қабатының антисейсмикалық белдіктері, орама арқалықтары мен монолиттік темір бетонды арақабырғалар қалаумен вертикаль арматуралық шықпалар арқылы байланысуы керек.

3.2.11 Қабырға-диафрагмалардың түйісінде, егер тіпті ғимаратты есептеу нәтижелері бойынша арматуралау талап етілмесе де, EN 845-3 талаптарына сай келетін горизонталь арматуралық торларды салу керек.

Торларды диаметрі 4 мм кем емес бойлық арматуралық сырықтардан жасалған 1,5 м кем емес ұзындықпен қарастырып, қабырға-диафрагмалардың биіктігі бойынша:

– құрылыс алаңының 7 және 8 балл сейсмикалығы кезінде – 700 мм;

– құрылыс алаңының 9 балл сейсмикалығы кезінде – 500 мм қадаммен орналастыру керек.

Конструктивтік түсінік бойынша қабырғалардың түйісіндегі тас қалаудың горизонталь жіктеріне орналастырылатын горизонталь арматуралық торлардың көлденең қиысуының аудандары төмендегі екі шартқа сай келуі керек:

а) әр тордың бойлық арматуралық сырықтарының көлденең қиысу ауданы  $1 \text{ см}^2$  кем емес болуы керек;

б) қабырғаның вертикаль көлденең қиысуындағы барлық арматуралық торлардың көлденең қиысуының жиынтықтық ауданы:

құрылыс алаңының 7 балл сейсмикалығы кезінде – қабырғаның вертикаль көлденең қиысу ауданының 0,03%;


құрылыс алаңының 7 баллдан асатын сейсмикалығы кезінде – қабырғаның вертикаль көлденең қиысу ауданының 0,04% кем болмауы керек.

Егер есептеудің нәтижелері бойынша қабырғаларда көлденең қиысудың үлкен ауданы бар немесе конструктивтік талаптармен қарастырғанмен салыстырғанда биіктік бойынша кіші қадаммен горизонталь торларды қалау талап етілсе, онда қабырғалардың түйіскен телімдерін арматуралауды есептеудің нәтижелеріне сәйкес орындау керек.

3.2.12 Қалаудың горизонталь жіктеріне қаланатын арматуралық торлардың жоғарғы және төменгі жақтарында қалыңдығы 2,5 мм кем емес қорғайтын ерітінділік қабаттары болуы керек. Қалаудағы ерітінділік жіктердің қалыңдығы арматураның қиылысатын сырықтарының жиынтықтық қалыңдығынан кем дегенде 5 мм асуы керек (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 8.2.2(1) қар.).

Ескертпе 1 Қабырға-диафрагмалардың түйісу орнындағы тас қалауды арматуралаудың мысалдары 3.1-суретте берілген.

Ескертпе 2 Құрылыс алаңының төмен сейсмикалығы кезінде қабырға-диафрагмалардың түйісуінде арматуралық торларды қаламауға жол беріледі.



**3.1-сурет – Қабырға-диафрагмалардың түйісу орындарында қалауды арматуралаудың мысалдары**

3.2.13 Терезелік және есік ойықтарының үстіндегі маңдайшаларды, әдетте, қабырғаның барлық қалыңдығына орналастырып, қалауға 350 мм кем емес тереңдікке қалап тастау керек.


Ойықтың 1,5 м дейінгі ені кезінде маңдайшаны қалауға 250 мм етіп қалап тастауға жол беріледі.

Маңдайшаның көлденең қиысуының биіктігі есептеудің нәтижелері бойынша анықталуы керек, бірақ 150 мм кем болмауы керек.

Ескертпе - Жиналмалы діңгектік маңдайшаларды қолдануға жол берілмейді.

3.2.14 Терезелік және есік ойықтарының үстіндегі маңдайшаларды монолиттік темірбетондық етіп орындауға кепілдеме беріледі (3.2-сурет).

Егер қабырғадағы ойықтың үсті мен антисейсмикалық белдіктің немесе орама арқалықтың астының арасындағы қашықтық 400 мм кем болса, онда маңдайшаларды антисейсмикалық белдіктің немесе горизонталь орама арқалықтармен бірге орындауға кепілдеме беріледі.



**3.2-сурет – Арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырғалық конструкциядағы ойықтардың үстіне маңдайшаларды орнату**

3.2.15 Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін, арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалары бар ғимараттардың қабаттарының биіктігі:

- құрылыс алаңының 7 балл сейсмикалығы кезінде – 5 м;
- құрылыс алаңының 8 балл сейсмикалығы кезінде – 4 м;
- құрылыс алаңының 9 балл сейсмикалығы кезінде – 3,5 м аспауы керек.

3.2.16 Арматураланбаған тас қалаудан немесе оларды алмастыратын рамалардан жасалған көлденең қабырға-диафрагмалардың осьтерінің арасындағы қашықтық есеппен тексерілуі керек, бірақ төмендегі мына мәндерден:

- құрылыс алаңының 7 балл сейсмикалығы кезінде – 12 м;
- құрылыс алаңының 8 балл сейсмикалығы кезінде – 9 м;
- құрылыс алаңының 9 балл сейсмикалығы кезінде – 6 м аспауы керек.

3.2.17 Арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалар геометриялық өлшемдері бөлігінде [9.5.1(5)] келесі талаптарға сәйкес келуі керек:

– қабырға-диафрагмалардың  $t_{ef}$  тиімді қалыңдығы  $t_{ef, \min}$  шамасынан кем болмауы керек;

– қабырғаның тиімді биіктігінің тиімді қалыңдыққа қатынасы  $h_{ef}/t_{ef}$  максималдық рұқсатты шамадан  $(h_{ef}/t_{ef})_{\max}$  аспауы керек.

$t_{ef, \min}$  және  $(h_{ef}/t_{ef})_{\max}$  мәндері 3.1-кестеде берілген.



Ескертпе - Қалауда әуелік қабатша жоқ болғанда, қабырғаның тиісті қалыңдығын  $t_{ef}$  қабырғаның нақты қалыңдығының мәніне тең етіп қабылдау керек (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.3 қар.).

Сейсмикалық әсер ету кезінде түйісетін қабырғалардың арасында вертикаль жарылыстардың пайда болуын ескеріп:

– жоғарғы және төменгі жақта арақабырғаның немесе жабынның темірбетон тақтайшаларымен бекітілген қабырғаның тиімді биіктігін қабырғаның жарықтағы нақты биіктігіне тең етіп қабылдау керек (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 5.5.1.2 қар.);

– жоғарғы және төменгі жақта ағаш арақабырғалармен немесе жабынмен бекітілген қабырғаның тиімді биіктігін қабырғаның жарықтағы нақты биіктігінің 1,2 ұлғайтушы коэффициентке шығуына тең етіп қабылдау керек.

### 3.1-кесте – Арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалардың рұқсатты өлшемдері

Тас қалаудың типі	$t_{ef, min}$ (мм)	$(h_{ef}/t_{ef})_{max}$
Табиғи тастан жасалған элементтермен арматураланбаған:		
а) темірбетон тақтайшалардан жасалған жиналмалы арақабырғалар және жабындар кезінде	380	9
б) арақабырғаның басқа типтері кезінде	350	
Басқа элементтермен арматураланбаған:		
а) темірбетон тақтайшалардан жасалған жиналмалы арақабырғалар және жабындар кезінде	380	12
б) арақабырғаның басқа типтері кезінде	240	

3.2.18 Арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалары бар ғимараттар үшін қабырға-диафрагмалардың элементтерінің өлшемдерін анықтау кезінде, есептердің нәтижелеріне қарамастан, 3.2-кестеде берілген геометриялық талаптарды ескеру керек.

3.2.19 3.2-кестеде берілген геометриялық талаптарға сәйкес келмейтін қабырғаларды шектелетін немесе арматураланған қалаулардан жасау керек.

3.2.20 Арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмаларда желдету арналары мен түтін жолдарын орналастыруға жол берілмейді.

3.2.21 Арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмаларда баспалдақтың консольдық сатыларын қалауға берілмейді.

3.2.22 Арматураланбаған тас қалаудан жасалған парапеттерді 50 см аспайтын биіктікпен қарастыру керек.

Парапеттердің арматураланбаған қалауы антисейсмикалық белдікпен байланысуы керек. Парапеттердің үстінде 50 мм кем емес қалыңдықпен ерітіндінің немесе бетонның қабатында үздіксіз горизонталь арматуралауды қарастыру керек.

3.2.23 Темірбетон антисейсмикалық белдіктерді, горизонталь орама арқалықтарды және монолиттік арақабырғаларды бетондаудың технологиялық үдерісі олардың қабырға қалауымен бекітілуінің қажетті дәрежесін қамтамасыз етуі керек.

## 3.2-кесте – Арматураланбаған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмаларға қойылатын геометриялық талаптар

Қабырғаның элементтері	Құрылыс алаңының көрсетілген сейсмикалығы (баллмен берілген) кезінде қабырғаларға қойылатын геометриялық талаптар (м)				Ескертпе
	<7*	7	8	9	
Аралық қабырғалардың ені	Сейсмикалық емес аймақтарға қойылатын талаптар бойынша рұқсат беріледі	0,8	1,2	1,6	Бұрыштық аралық қабырғалардың енін кестеде көрсетілген шамадан 0,25 м артық етіп қабылдау керек
Ойықтардың ені		3,5	3,0	2,5	
Аралық қабырғаның енінің ойықтық еніне қатынасы		0,35	0,50	0,75	
Аралық қабырғаның көлденең қиысу ұзындығының аралық қабырғаға жанасатын ойықтың жарығындағы ең үлкен биіктігіне қатынасы		0,4	0,5	0,5	
*— құрылыс алаңындағы төмен сейсмикалықтың жағдайлары үшін ( $0,05g < a_g \cdot S \leq 0,1g$ )					

**3.3 Шектейтін тас қалаулардан жасалған қабырға-диафрагмаларға және ғимараттарға қойылатын талаптар**

3.3.1 Қалаудың телімдерін шектейтін горизонталь және вертикаль элементтер өзара шектейтін тас қалаумен қосылған және байланысқан болуы керек.


Шектейтін тас қалаудан жасалған қабырғаның қағидаттық конструктивтік шешімі 3.3-суретте көрсетілген. Шектейтін элемент пен қалаудың арасындағы байланысты қамтамасыз ететін конструктивтік шешімнің мысалы 3.4-суретте көрсетілген.

3.3.2 Барлық вертикаль шектейтін элементтер, оның ішінде қоршайтын ойықтар да, арақабырғалардың деңгейінде орналасқан антисейсмикалық белдіктер мен орама арқалықтармен қосылуы керек [9.5.3(1)Р].


Горизонталь шектейтін элементтер ғимараттың жоспарында тұйық контурларды жасауы керек. Тас ғимараттың қабырғаларының периметрі бойынша арматуралаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін горизонталь шектейтін элементтерді ғимараттың биіктігі бойынша бірдей деңгейде орналастыру керек.

Қабырғалардың горизонталь арматурасын, атисейсмикалық белдіктерді және орама арқалықтарды вертикаль темірбетон шектейтін элементтер арқылы жіберу керек.

3.3.3 Шектейтін элементтер мен тас қалаудың арасындағы тиімді байланысты қамтамасыз ету үшін шектейтін элементтердің бетонын тас қалауды орындағаннан кейін төсеу керек [9.5.3(2)Р]. Шектейтін темірбетон элементтер мен арақабырғаларды бетондаудың технологиялық үдерісі олардың қабырға қалауымен бекітілуінің қажетті дәрежесін қамтамасыз етуі керек.



**3.3-сурет – Шектейтін тас қалаудан жасалған қабырғалық конструкцияның қағидаттық конструктивтік шешімі**



**3.4-сурет – Вертикаль шектейтін элемент пен қалаудың арасындағы байланысты қамтамасыз ететін конструктивтік шешімнің мысалы**

3.3.4 Қалауға кіргізілетін темірбетон ендірмелер кем дегенде бір жағынан ашық болуы керек.

3.3.5 [9.5.3(3)] Горизонталь және вертикаль шектейтін элементтердің өлшемдері 150 мм кем болмауы керек.

3.3.6 Вертикаль шектейтін элементтер:

- а) әрбір конструктивтік қабырғалық элементтің бос шеттерінде [9.5.3(4)];
- б)  $1,5 \text{ м}^2$  асатын ауданы бар қабырғадағы кез-келген ойықтың екі жағында [9.5.3(4)];
- в) егер ол шектейтін элементтер арасындағы қадам 4 м немесе қабаттың биіктігінен (қайсысы кіші) аспау үшін керек болса, қабырға шегінде;
- г) қабырға-диафрагмалардың қиысу орындарында орналасуы керек.

3.3.7 Сейсмикалығы 7 балл алаңдарда салынатын тас ғимараттарда қабырғалардың қиысу орындарындағы вертикаль шектейтін элементтерді, егер жоғарыда белгіленген ережелерге сай орналасқан шектейтін элементтер қабырғалардың қиысу орындарынан 1,5 м кем қашықтықта орналасқан болса, орнатпауға жол беріледі.

Ескертпе - 1 3.3.6 тармағының қағидаларына сәйкес вертикаль шектейтін элементтерді ғимараттың жоспарында орналастырудың мысалдары 3.5 және 3.6-суреттерінде берілген. Вертикаль шектейтін элементтері бар қалаудың фрагменттері 3.7-суретте көрсетілген.

Ескертпе - 2 3.3.6 в), 3.3.6 г) және 3.3.7 тармақтарының қағидасы ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 9.5.3(4) тармағының қағидаларына баламалық болып табылады.

3.3.8 3.2.1 тармағы қолданылады.

3.3.9 3.2.2 тармағы қолданылады.

3.3.10 3.2.3 тармағы қолданылады.

3.3.11 3.2.4 тармағы қолданылады.

3.3.12 3.2.5 тармағы қолданылады.

3.3.13 3.2.6. тармағы қолданылады

3.3.14 3.2.7 тармағы қолданылады

3.3.15 3.2.8. тармағы қолданылады

3.3.16 3.2.9. тармағы қолданылады

3.3.17 3.2.10. тармағы қолданылады

3.3.18 3.2.11. тармағы қолданылады

3.3.19 3.2.12. тармағы қолданылады

3.3.20 3.2.13. тармағы қолданылады

3.3.21 Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін, шектейтін тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалары бар ғимараттардың қабаттарының биіктігі:

- құрылыс алаңының 7 балл сейсмикалығы кезінде – 6 м;
- құрылыс алаңының 8 балл сейсмикалығы кезінде – 5 м;
- құрылыс алаңының 9 балл сейсмикалығы кезінде – 4,5 м;
- құрылыс алаңының 9 баллдан асатын сейсмикалығы кезінде – 4 м аспауы керек.


3.3.22 Шектейтін тас қалаудан немесе оларды алмастыратын рамалардан жасалған көлденең қабырға-диафрагмалардың осьтерінің арасындағы қашықтық есеппен тексерілуі керек, бірақ төмендегі мына мәндерден:

құрылыс алаңының 7 балл сейсмикалығы кезінде – 15 м;


құрылыс алаңының 8 балл сейсмикалығы кезінде – 12 м;

құрылыс алаңының 9 балл сейсмикалығы кезінде – 9 м;


құрылыс алаңының 9 баллдан асатын сейсмикалығы кезінде – 6 м аспауы керек.



3.5-сурет – 3.3.6 тармағының қағидаларына сәйкес келетін вертикаль шектейтін элементтерді ғимараттың жоспарында орналастырудың мысалдары



3.6-сурет – 3.3.6 және 3.3.7 тармақтарының қағидаларына сәйкес келетін вертикаль шектейтін элементтерді ғимараттың жоспарында орналастырудың мысалдары



**3.7-сурет – Шектейтін вертикаль элементтері бар қабырғалардың тас қалауының фрагменттері**

**3.3.22 3.2.16 тармағы 3.1-кестенің орнына 3.3-кестемен қолданылады.**

**3.3-кестесі – Шектейтін тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалардың рұқсатты өлшемдері**

Тас қалаудың типі	$t_{ef, min}$ (мм)	$(h_{ef}/t_{ef})_{max}$
Көрсетілгендер бойынша шектелген:		
а) жиналмалы темірбетон тақтайшалардан жасалған арақабырғалар мен жабындар кезінде	380	15
б) арақабырғалардың басқа типі кезінде	240	

3.2.23 Шектейтін тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалары бар ғимараттарда аралық қабырғаның көлденең қиысуының ұзындығының арматураланбаған қалаудың


аралық қабырғасына жанасқан ойықтың жарықтағы ең үлкен биіктігіне қатынасы 0,3 кем болмауы керек [9.5.1(5) 9.2-кесте)].

3.3.24 Қабырға-диафрагмаларда орындалған желдеткіш арналар мен түтін жолдары вертикаль темірбетон элементтермен шектелген болуы керек.

3.3.25 3.2.20 тармағы қолданылады.

3.3.26 50 см асатын биіктігі бар фронтондар мен парапеттерді шектейтін тас қалаудан орындау керек.

Фронтондар мен парапеттерді қалау антисейсмикалық белдігі бар арматуралық шықпалармен байланысқан болуы керек. Фронтондар мен парапеттердің үстінде 150 мм кем емес биіктігі бар темірбетон арқалықтарды қарастыру керек. Вертикаль шектейтін элементтерді 4 м аспайтын қадаммен орналастыру керек (3.8-сурет).



**3.8-сурет – Шектейтін тас қалаудан жасалған фронтонның конструктивтік шешімдерінің мысалы**

### **3.4 Арматураланған тас қалаулардан жасалған қабырға-диафрагмаларға және ғимараттарға қойылатын талаптар**

3.4.1 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 және осы Құралдың қосымша арнайы ережелерін қанағаттандыратын арматураланған тас қалаудан жасалған қабырғалық конструкциялардың вертикаль және горизонталь бағыттарда жүйелі арматуралауы болуы керек.

3.4.2 Горизонталь арматуралауды қалаудың горизонталь жіктерінде немесе қалау элементтерінің тиісті саңылауларында орналастыру керек [9.5.4.(1)].

Вертикаль арматуралау тас қалаудың элементтерінің саңылауларында, қуыстарында немесе ойықтарында орналасуы керек [9.5.4.(7)].


Ескертпе - Арматураланған қалаудан жасалған қабырғаларда тік арматураның орналастыру мысалдары 3.9 және 3.10-суреттерінде көрсетілген.

3.4.3 3.2.1 тармағы қолданылады.


3.4.4 3.2.3 тармағы қолданылады.

3.4.5 3.2.4 тармағы қолданылады.

3.4.6 Антисейсмикалық белдіктер жасалатын бетонның класын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кестесі бойынша C12/15 кем емес етіп қабылдау керек.



3.9-сурет – Бос денелі элементтерді қолдану арқылы орындалған арматуралық тас қалаулардан жасалған қабырғалық конструкциялардың фрагменттері



3.10-сурет – Толық денелі элементтерді қолдануы бар арматуралық тас қалаулардың конструктивтік шешімдерінің нұсқалары

3.4.7 Қалау элементтеріндегі немесе қалаудағы қуыстарды толтыру үшін қолданылатын бетонды қысуға беріктілікті есептеудің нәтижелері бойынша қабылдау



керек, бірақ әдетте, ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 3.1-кестесі бойынша C12/15 кем емес және қалау элементтерін қысуға беріктілігінен кем емес болуы керек.

3.4.8 Темірбетон антисейсмикалық белдіктерді, горизонталь орама арқалықтарды, қалау элементтері мен қалаудағы монолиттенген қуыстарды арматуралау үшін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 C1-кестесі бойынша А немесе С класының болатынан жасалған бойлық кезеңдік арматураны қолдану керек.

3.4.9 3.2.6 тармағы қолданылады.


3.4.10 3.2.7 тармағы қолданылады.

3.4.11 Вертикаль және горизонталь бойлық арматураны анкерлеудің ұзындығы мен соққылай қосылыстардағы арматура сырықтарының ұзындығы сырықтың 60 диаметрінен кем болмауы керек [9.5.3(9)].

3.4.12 3.2.9 тармағы қолданылады.

3.4.13 Қалаудың горизонталь арматуралауын 600 мм аспайтын биіктік бойынша қадаммен орналастыру керек [9.5.4.(1)]. Тас ғимараттың қабырғаларының периметрі бойынша арматуралаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қабырғалардың горизонталь арматуралауын қабырға биіктігі бойынша бірдей деңгейде орналастыру керек.

3.4.14 [9.5.4.(3)] Қабырғаның горизонталь бойлық арматурасы ретінде қабырғаның шеттеріндегі вертикаль сырықтардың маңайында майысқан, 4 мм кем емес диаметрлі болат арматуралық сырықтарды пайдалану керек (3.11-суретті қар.).



**3.11-сурет – Арматураланған тас қалаулардан жасалған үш қабаттық қабырғалардың фрагменттерінің мысалдары**

3.4.15 [9.5.4.(4)] Оның көлденең қиысуының жалпы ауданына келтірілген қабырғаның горизонталь арматуралауының минималдық пайызы 0,05% құруы керек.

3.4.16 [9.5.4.(5)P] Болаттағы пластикалық деформацияны дамытқанға дейінгі қысу кезінде қалау элементтерінің қирауын шақыруға қабілетті горизонталь арматуралаудың жоғарғы пайызына жол бермеу керек.

3.4.17 [9.5.4.(10)P] Ойықтардың парапеттері мен маңдайшаларының жанасқан қабырғалардың тас қалауымен бірдей қосылыстары болуы керек және горизонталь арматуралаудың осы қабырғаларымен байланысқан болуы керек.

3.4.18 Маңдайшалар мен парапеттерге қажетті арматуралау саңылауы (қуысы) бар тас қалаудың элементтерінде орналасқан болуы керек [9.5.4.(2)].

Маңдайшаларды сонымен қатар 3.2.12 және 3.2.13 тармақтарының қағидаларына сәйкес орындау.

3.4.19 Қабырғалық конструкцияның элементін вертикаль арматуралауды, әдетте, қабырға ұзындығы бойынша жүйелі интервалмен орналастыру керек. Кепілдемелік интервал 400 мм аспауы керек.

3.4.20 [9.5.4.(6)] Қабырғадағы вертикаль арматуралаудың көлденең қиысуының ауданы қабырғаның горизонталь қиысуының жалпы ауданынан 0,08% кем болмауы керек.

3.4.21 Қабырғалық конструкцияның тас қалауын вертикаль арматуралау қабырғаның негіздемесінен ғимараттың үстіне дейін (парапеттер мен фронтондарды қоса) үздіксіз болуы және горизонталь бетон арқалық-орамалармен немесе антисейсмикалық белдіктермен конструктивтік байланысқан болуы керек.

3.4.22 [9.5.4.(8)] Көлденең қиысудың  $200 \text{ мм}^2$  кем емес ауданы бар вертикаль арматура:

- әрбір қабырғалық элементтің екі бос шектерінде;
- қабырғаның әрбір қиысуында;
- қабырғаның шегінде көрсетілген вертикаль арматуралаудың арасындағы интервал 5 м аспайдындай етіп орналасуы керек.

3.4.23 [9.5.3.(7)] 3.4.20 көрсетілген бойлық арматураның маңайында диаметрі 5 мм кем емес, 150 мм артық емес қадаммен орналасқан қамыттарды қарастыру керек.

3.4.24 Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін, арматураланған тас қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалары бар ғимараттардың қабаттарының биіктігі:

- құрылыс алаңының 7 балл сейсмикалығы кезінде – 5 м;
- құрылыс алаңының 8 балл сейсмикалығы кезінде – 4 м;
- құрылыс алаңының 9 балл сейсмикалығы кезінде – 3,5 м аспауы керек.

3.4.25 Арматураланған тас қалаудан немесе оларды алмастыратын рамалардан жасалған көлденең қабырға-диафрагмалардың осьтерінің арасындағы қашықтық есеппен тексерілуі керек, бірақ төмендегі мына мәндерден:

- құрылыс алаңының 7 балл сейсмикалығы кезінде – 15 м;
- құрылыс алаңының 8 балл сейсмикалығы кезінде – 12 м;
- құрылыс алаңының 9 балл сейсмикалығы кезінде – 9 м;
- құрылыс алаңының 9 баллдан асатын сейсмикалығы кезінде – 6 м аспауы керек.

3.4.26 3.2.16 тармағы 3.1-кестесінің орнына, 3.3-кестесімен қолданылады.

3.4.27 3.2.20 тармағы қолданылады.

3.4.28 3.2.22 тармағы қолданылады.

#### **4 ТАС ҒИМАРАТТАРДЫҢ ҚАБАТАРАЛЫҚ АРАҚАБЫРҒАЛАРЫ МЕН ЖАБЫНДАРЫ**

## 4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Тас ғимараттардың қабатаралық арақабырғалар мен жабындарын (ары қарай қысқалық үшін – арақабырға деп аталады), әдетте, монолиттік немесе жинақтық темірбетондық етіп қарастыру керек.

4.1.2 Аз қабатты биіктігі екі қабаттан аспайтын) ғимараттарда ағаш конструкциялардан орындалған және осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін қабатаралық арақабырғаларды қолдануға жол беріледі.

Ескертпе 1 Үлкен аралықты жабындарды металл конструкцияларда немесе болаттемірбетон конструкцияларда орындауға жол беріледі.

Ескертпе 2 Қабатаралық жабындар, әдетте, конструктивтік шешімдер мен пайдаланатын материалдардың түрі бойынша әртекті телімдерден тұрмауы керек. Мысалы, арақабырғалардың темірбетон телімдері ағаш телімдермен кезектеспеуі керек.

Ескертпе 3 Арақабырғаларды конструктивтік шешімдер мен пайдаланатын материалдардың түрі бойынша әртекті телімдермен орындаудың негізделген қажеттілігі кезінде, арақабырғалардың жобалық шешімдері тиісті зерттеулердің немесе есептердің нәтижелерімен расталуы керек.

## 4.2 Ағаш арақабырғалар

4.2.1 Тас ғимараттарды қабатаралық арақабырғаларын ағаш конструкциялармен жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1995-1-1:2004+A1:2008/2011 тиісті талаптарын, ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 (8-бөлімді қар.) және осы Құралдың қосымша арнайы ережелерін назарға алу керек.

Ескертпе - Қабатаралық арақабырғалардың ағаш конструкцияларын жобалау кезінде:

- ағаш горизонталь диафрагмалар мен вертикаль тас конструкциялардың қаттылықтық сипаттарындағы елеулі айырмашылық сейсмикалық әсер ету кезінде қабырғалардың жүрісіне кері ықпал ететіндігін;

- уақыт өте келе және қайталанған сейсмикалық әсер ету кезінде, арақабырғалардың ағаш конструкциялары мен тас қабырғалардың арасындағы байланыстар әлсірейді; бұл арақабырғаның да, қабырғалық конструкциялардың да номиналдық күйіне қатысты айтарлықтай жылжуға алып келуін;

- ағаш горизонталь диафрагмалар мен вертикаль тас конструкциялардың жеткіліксіз қаттылығы конструктивтік жүйенің қабырғалар арасындағы жүктемелерді қайта бөлу қабілеттігін шектейтіндігін және қабырғаларды жазықтықтан адекватты бекітуге мүмкіндік бермейтіндігін ескеру керек.

Жобалау кезінде тас ғимараттардың сейсмикаға төзімділігіне жоғарыда көрсетілген жағымсыз факторлардың әсер етуін азайтуды қамтамасыз ететін арақабырғалар мен жабындардың ағаш конструкциясының техникалық шешімдерін қарастыру керек.


4.2.2 Тас ғимараттарды ағаш арақабырғалармен немесе әдетте арқалық элементтерден және төсеніштерден тұратын жабындармен жобалау кезінде, олардың ғимараттың конструктивтік жүйесіндегі диафрагмалық жүрісін қамтамасыз ету бойынша шараларды қарастыру керек. Ағаш арақабырға мен жабындардың диафрагмалық жүрісін қастамасыз ету үшін:

- ағаш арқалықтардың тас ғимаратқа бекіту тораптарына орналасудың тиімді конструктивтік шешімдері мен схемаларын;


- арқалық бойынша қос түзу немесе қос қисық тақтай төсенішті орналастыруды;

— ағаш арақабырғалар мен жабындардың қаттылығын ұлғайтатын қосымша ағаш немесе болат конструкцияларды (мысалы, жоспарда, периметр бойынша немесе жоспардың барлық проекциясы бойынша тегіс орналасқан қиғаш горизонталь байланыстыратын фермаларды) қарастыру керек.


Ескертпе - Ағаш арақабырғалар мен жабындардың конструктивтік шешімдерінің, сонымен қатар олардың тас ғимараттың қабырғаларымен қосылыстарының мысалдары 4.1-4.3-суретте көрсетілген.



**4.1-сурет – Ағаш арақабырғалардың аркалық элементтерін бекіту тораптарының мысалдары**



4.2-сурет – Арқалық бойынша қос тақтай төсеніш



4.3-сурет – Қиғаш горизонталь байланыстыратын фермаларды орналастырудың мысалы

### 4.3 Жиналмалы темір бетонды арақабырғалар мен жабындар

4.3.1 Тас ғимараттарды жиналмалы темірбетон арақабырғалар мен жабындармен жобалау кезінде ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/2011 тиісті талаптарын, ҚР ҚН ЕН 1998-1:2004/2012 (5-бөлімді қар.) және осы Құралдың қосымша арнайы ережелерін назарға алу керек.

4.3.2 Сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарды жиналмалы темірбетон арақабырғалар немесе жабындармен жобалау кезінде, жиналмалы арақабырғалар, әдетте күш түсетін конструкцияларға тіреудің бір аралықтық схемасымен жасалған тақтайшалардан (арқалықтық, екі бағынан да) қалыптасатынын ескеру керек.

4.3.3 Жиналмалы арақабырғалардың немесе жабындардың диафрагмалық жүрісін 4.3.3.1- 4.3.3.5 айтылған арнайы конструктивтік шаралармен қамтамасыз етуге кепілдеме беріледі.

4.3.3.1 Жиналмалы арақабырғалардың немесе жабындардың тақтайшаларының бойлық шектерінің сыналық немесе кедір-бұдыр беті болуы керек.

Тақтайшалар арасындағы бойлық жіктерді цемент-құм ерітіндісімен құйып тастау керек.


4.3.3.2 Антисейсмикалық белдіктермен және арқалықтармен тиімді байланыстарды қамтамасыз ету үшін тақтайшаларда арматуралық шықпаларды немесе қалайтын бөлшектерді қарастыру керек. Арақабырға тақтайшаларын антисейсмикалық белдіктермен және арқалықтармен байланыстыру үйкеліс күшінің есебісіз қабырғаларға горизонталь күшейту беруді қамтамасыз етуі керек.

4.3.3.3 Жиналмалы темірбетондық арақабырғалар мен жабындардың тақтайшаларының тас қалаудан жасалған қабырғалық конструкцияға тірелу (мысалы, антисейсмикалық орамаларды орнату кезінде) телімдерінің ұзындығы 120 мм кем болмауы керек.

Арақабырға тақтайшаларының тікелей тас қабырғаларға тіркелуіне тек сейсмикалығы 8 баллдан аспайтын алаңдарға құрылысы салынатын ғимараттарда ғана жол беріледі.


Тақтайшалардың тас қабырғалардың қалауына тіркелуін жүзеге асыратын ерітінділік жіктерде 3Ø4 мм кем емес бойлық арматурасы және 4 мм диаметрлі, ұзындық бойынша 150 мм қадаммен орналасқан сырықтардан көлденең арматурасы бар арматуралық торларды қарастыру керек.

Ескертпе - Арақабырға мен жабындардың темірбетон тақтайшаларының антисейсмикалық орамалармен қосылуының мысалдары 4.4-суретте көрсетілген.





**ЕСКЕРТПЕ**

Анкерлік шықпаларды тек қана ғимарат жабынының деңгейінде қарастыру керек




**ЕСКЕРТПЕ**

Анкерлік шықпаларды тек қана ғимарат жабынының деңгейінде қарастыру керек



**4.4-сурет – Темірбетон антисейсмикалық орамалардың қабатаралық жиналмалы арақабырғалардың деңгейінде орналасуының мысалдары**



#### 4.4-сурет – Темірбетон антисейсмикалық орамалардың қабатаралық жиналмалы аракабырғалардың деңгейінде орналасуының мысалдары (жалғасы)

4.3.3.4 Тақтайшалардың антисейсмикалық белдікке сүйену телімдерінің ұзындығы 80 мм кем болмауы керек.


Ескертпе - Жиналмалы аракабырға мен жабындарды антисейсмикалық белдіктермен қосудың мысалдары 4.5-суретте көрсетілген.

4.3.3.5 Арқалықтардың тас қабырғаларға сүйену телімдерінің ұзындығы 200 мм кем болмауы керек.


4.3.3.6 Аракабырға арқалықтарының сүйеу телімдері тас ғимараттың күш түсетін конструкцияларымен байланысқан және үйкеліс күшінің есебісіз сейсмикалық есептік жағдайда горизонталь күшейтуді беруді қамтамасыз ететін болуы керек.

4.3.3.7 Жиналмалы темірбетон аракабырғаларды вертикаль анкерлік шықпалармен:





- құрылыс алаңының 7 және 8 балл сейсмикалығы кезінде – 12 мм кем емес диаметрмен және арқалық бойынша 400 мм аспайтын қадаммен;
- құрылыс алаңының 8 баллдан асатын сейсмикалығы кезінде – 16 мм кем емес диаметрмен және арқалық бойынша 300 мм аспайтын қадаммен қамтамасыз ету керек.



Ескертпе  
Анкерлік шықпаларды тек қана ғимарат жабынының деңгейінде қарастыру керек



Ескертпе  
Анкерлік шықпаларды тек қана ғимарат жабынының деңгейінде қарастыру керек



**4.5-сурет – Темірбетон антисейсмикалық орамаларды қабатаралық жиналмалы аракабырғалардың деңгейінде орналастырудың мысалдары**


4.3.3.8 Жиналмалы темірбетон аракабырғалардың қаттылығы мен беріктілігін, тақтайшалар арасындағы бойлық жіктерді ерітіндімен құйып тастаудан басқа:

- жылжыған тақтайшалардың арасында монолиттік темірбетон орамаларын;



б) арақабырғалардың үстінде орналасқан және тақтайшалармен байланысқан монолиттік темірбетон арматураланған қабаттарын;


в) а) және б) тармақтарында айтылған конструктивтік шараларды қиыстыруды орнату жолымен қамтамасыз етуге кепілдеме беріледі (4.6-сурет).




4.6-сурет – Жиналмалы темірбетон арақабырғалардың немесе жабындардың қатыстығын ұлғайтатын конструктивтік шаралардың мысалдары

4.3.3.9 Жиналмалы темірбетон арақабырғалар мен жабындарда әрбір қабатаралық арақабырға мен жабындардың барлық тақтайшалары оның негізгі ортогоналдық осьтеріне қатысты бірдей бағыттағы ғимараттың (немесе динамикалық тәуелсіз бөлімшенің) жоспарында орналасуы керек (4.7 және 4.8-суреттер).

Жиналмалы темірбетон арақабырғалардың немесе жабындардың тақтайшаларының орналасуының қабылданған бағыты ғимараттың барлық қабаттарына сәйкестендірілген болуы керек.



4.7-сурет – Жиналмалы темірбетон арақабырғаларының тақтайшаларының 4.3.3.8 қағидаларына сәйкес келетін тас ғимараттардың жоспарында орналасуының схемалары



4.8-сурет – Жиналмалы темірбетон арақабырғаларының тақтайшаларының 4.3.3.8 қағидаларына сәйкес келмейтін тас ғимараттардың жоспарында орналасуының схемалары

4.3.3.10 4.3.3.9 тармағының қағидаларынан шегінуге жиналмалы темірбетон арақабырғаларды 4.3.3.8 в) сәйкес күшейту шарты бойынша ғана жол беріледі.

#### 4.4 Монолиттік темір бетонды арақабырғалар

4.4.1 Тас ғимараттарды монолиттік темірбетон арақабырғалармен және жабындармен жобалау кезінде ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 тиісті қағидалары мен осы Құралдың қағидаларын назарға алу керек.


Ескертпе - Монолиттік темір бетонды арақабырғалар мен жабындар сейсмикалық есептік жағдайдағы диафрмалық жүріс туралы талаптарды үлкен дәрежеде қанағаттандырады.

4.4.2 Тас ғимараттарды монолиттік темірбетон арақабырғалармен және жабындармен жобалау кезінде:


– тақтайшалардың сүйеу телімдері тас ғимараттың күш түсетін конструкцияларымен байланысқан болуы және үйкеліс күшінің есебісіз сейсмикалық есептік жағдайда горизонталь күшейтуді беруді қамтамасыз ететін болуы керек;

– 3.2.9 тармағының қағидаларын сақтау керек.



Ескертпе - Арақабырғаның монолиттік темірбетон тақтайшаларын тас қабырғалармен қосудың мысалдары 4.9-суретте көрсетілген.




ЕСКЕРТПЕ  
Анкерлік шықпаларды тек ғана ғимарат жабынының деңгейінде қарастыру керек



ЕСКЕРТПЕ  
Анкерлік шықпаларды тек ғана ғимарат жабынының деңгейінде қарастыру керек



4.9-сурет – Арақабырғаның монолиттік темірбетон тақтайшаларын тас қабырғалармен қосудың мысалдары



4.9-сурет – Арақабырғаның монолиттік темірбетон тақтайшаларын тас қабырғалармен қосудың мысалдары (жалғасы)

## 5 ТАС ҚАЛАУДАН ЖАСАЛҒАН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ТИПТЕРІ МЕН ЖҮРІС КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ

5.1 [9.3(1)] Қабырғалық конструктивтік элементтерді орындауға арналған тас қалаудан қрылыс салу, қалаудың типіне байланысты, осы Құралда келесі жолмен жіктеледі:

- а) тек қана ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған құрылыс;
- б) осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған құрылыс;
- в) осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін шектелген тас қалаудан жасалған құрылыс;
- г) осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін арматураланған тас қалаудан жасалған құрылыс.

5.2 Тек қана ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған құрылыс төмен беріктілікке, сонымен қатар пластикалық деформациялау мен тербеліс энергиясының диссипациясына (DCL класы) төмен қабілеттілікке ие, сондықтан оларды сейсмикалық аймақтарда қолдану шектелген болуы керек [9.3(2)].

5.3 Тек қана ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған тас құрылысты жобалауға құрылыс алаңының төменгі сейсмикалығы жағдайында ғана жол беріледі (2.2 қар.).

5.4 5.1-тармағында көрсетілген қабырға-диафрагмалары бар жоспардағы жүйелі және орташа жүйесіз тас құрылыстар («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралын қар.) үшін жүріс коэффициенттері 3.1-кестеде берілген.

5.5 [9.3(5)] Биіктік бойынша жүйесіз тас ғимараттар үшін  $q$  жүріс коэффициентінің мәнін 20% азайтылған, бірақ 1,5 кем емес етіп қабылдау керек.

5.6 3.2.1 немесе 3.2.2 қағидаларына сәйкес келетін, бірақ 3.4.1.1 б) және 3.4.1.2 б) және/немесе 3.4.1.1 в) және 3.4.1.2 в) қағидаларына сәйкес келмейтін тас ғимараттар үшін  $q$  жүріс коэффициентінің мәнін 10% азайтылған, бірақ 1,5 кем емес етіп қабылдау керек.

**5.1-кесте – Құрылыс салудың типтері мен жүріс коэффициентінің мәндері**

Құрылыстың типі	Q жүріс коэффициенті
Тек ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған	1,5
Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған	2,5
Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін шектелетін тас қалаудан жасалған	3,0
Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін арматураланған тас қалаудан жасалған	
Құрылысқа жоғарғы беріктілік пен пластикалық деформациялауға қабілеттілікті қамтамасыз ететін күшейткіші бар тас қалаудан жасалған	Эксперименталдық зерттеулердің нәтижелері бойынша

**6 ТАС ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЖОСПАРДАҒЫ ЖӘНЕ БИІКТІК БОЙЫНША ӨЛШЕМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР**

6.1 Тас ғимараттардың жоспардағы абсолюттік өлшемдері 6.1-кестеде көрсетілген өлшемдерден аспауы керек.

**6.1-кесте – Тас ғимараттың жоспардағы абсолюттік өлшемдері**

Құрылыс алаңының сейсмикалығы, баллмен берілген	Ғимараттың ұзындық (ен) бойынша өлшемдері, метрмен берілген		
	Көрсетілген топырақ жағдайларының типі		
	IA және IB	II	III
<7*	сейсмикалық емес аймақтарға арналған талаптар бойынша		
7	80	80	80
8	80	80	60
9	60	60	60
10	45	45	36
* – құрылыс алаңының төмен сейсмикалығы ( $0,05g < a_g \cdot S \leq 0,1g$ ) жағдайлары			

6.2 Жоспардағы ғимараттың икемділігі  $\lambda = L_{\max}/L_{\min}$  5 аспауы керек, мұнда  $L_{\max}$  және  $L_{\min}$  сәйкесінше жоспардағы ғимараттың ортогоналдық бағыттағы үлкен және кіші өлшемі.

6.3 Тас ғимараттардың қабаттарының метрмен берілген биіктігі мен саны 6.2-кестеде берілген мәндерден аспауы керек.

**6.2-кесте – Тас ғимараттың қабаттарының биіктігі мен саны**

Ғимараттың конструктивтік жүйесі	Биіктігі, метрмен берілген (қабаттың саны)				
	Құрылыс алаңының сейсмикалығы, баллмен берілген				
	<7	7	8	9	10
Тек ҚР ҚН ЕН 1996-1-1:2005/2011 қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған	Сейсмикалық емес аудандарға арналған талаптар бойынша	—	—	—	—
Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаудан жасалған		16 (4)	13 (3)	8 (2)	—
Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін шектелетін тас қалаудан жасалған		19 (5)	16 (4)	13 (3)	8 (2)
Осы Құралдың қағидаларына сәйкес келетін арматураланған тас қалаудан жасалған		21 (6)	19 (5)	16 (4)	8 (2)
Құрылысқа жоғарғы беріктілік пен пластикалық деформациялауға қабілеттілікті қамтамасыз ететін күшейткіші бар тас қалаудан жасалған (3.1 д) қар.)		Эксперименталдық зерттеулердің нәтижелері бойынша			

Ескертпе 1 Сейсмикалығы 8 және одан да көп балл құрылыс алаңында мектептер мен ауруханалардың биіктігі үш қабатпен, ал мектепке дейінгі мекемелердің (бала бақшалар мен бөбек бақшалар) биіктігі – екі қабатпен шектеледі

Ескертпе 2 Ғимараттың биіктігіне ғимаратқа жанасқан жоспарланған жер бетінің және сыртқы қабырғалардың үстінің (жоғарғы техникалық қабаттардың немесе шатырлардың есебісіз) немесе итарқалық конструкцияның астының орташа деңгейінің белгісінің әртүрлілігі қабылданады

6.4 Қажеттілікке қарай, жоспардағы және биіктік бойынша конструктивтік жүйенің біртектілігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар 6.1-кестеде белгіленген шекті өлшемдерді сақтау үшін ғимаратты антисейсмикалық жіктермен динамикалық тәуелсіз бөлімшелерге бөлу керек.

Ғимараттарда антисейсмикалық жіктерді орналастырудың қағидаттық схемасы 6.1 берілген.


6.5 Әрбір динамикалық тәуелсіз бөлімше 6.1-6.3 айтылған шарттарға сәйкес келуі керек. Толығырақ «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралынан және осы Құралдан қараңыз.

6.6 Антисейсмикалық жіктерге қойылатын талаптар «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралында, сонымен қатар осы Құралдың 6.7-6.8 тармақтарында берілген.

6.7 Тас ғимараттарға антисейсмикалық жіктерді орнату кезінде келесі шарттарды сақтау керек:

- антисейсмикалық жіктер жанасқан ғимараттарды (динамикалық тәуелсіз бөлімшелерді) бүкіл биіктік бойынша бөлуі керек;
- температуралық және шөгінді жіктерді антисейсмикалық жіктермен бірлестіру керек;
- антисейсмикалық жіктерді, әдетте, қос қабырғаларды орнату жолымен орындау керек; антисейсмикалық жіктерді қабырғаларды және орын ауыстыратын раманы немесе рамалардың орын ауыстыратын қос қабырғаларды салу жолымен орындауға жол беріледі.

Ескертпе - Жоспарда және биіктік бойынша өлшемдері 2.2 және 2.3-кестелерде көрсетілген өлшемдерден асатын тас ғимараттарды, тиісті нормативтік құжаттарды әзірлегенге дейін арнайы мекен-жайлық техникалық жағдайлар бойынша ғана жобалауға рұқсат беріледі.



6.1-сурет – Антисейсмикалық жіктерді орналастыру схемалары

6.8 Антисейсмикалық жіктерді:

– сейсмикалық қауіптілігі  $a_g \cdot S$  мәндерімен сипатталатын 0,25g аспайтын алаңдарда соғылатын ғимараттардың (бөлімшелердің);

– сейсмикалық қауіптілігі  $a_g \cdot S$  мәндерімен сипатталатын 0,5g аспайтын ІА, ІБ және ІІ топырақ жағдайлары бар алаңдарда соғылатын ғимараттардың (бөлімшелердің) іргетастарында орналастырмауға жол беріледі.

Ескертпе - 6.8-тармағының қағидалары антисейсмикалық жік отырмалы жікпен сәйкес келетін жағдайларға таралмайды.

6.9 Жанасқан бөлімшелердің өзара жылжу мүмкіндігін жанасқан қабаттардың конструкцияларында еркін жатқан аралық конструкциялардың жылжу есебінен қамтамасыз етуге жол берілмейді.

6.10 [4.4.2.7(1)P] Ғимараттар жер сілкінісі кезінде осы ғимараттың жанасқан конструкцияларының немесе тәуелсіз бөлімшелерінің тербелістерімен шақырылған ұрылудан қорғалуы керек.

6.11 6.10 шарты, егер келесі шарттар сақталса, орындалған болып саналады:

а) антисейсмикалық жіктің ені ғимараттың алғашқы 5 м биіктігіне кемінде 50 мм құрайды және ғимараттың әрбір келесі 5 м биіктігіне 30 мм ұлғаяды;

б) антисейсмикалық жіктің ені екі жанасқан бөлімшелердің жиынтықтық горизонталь орын ауысуынан кем болмайды.

## 7 КОНСТРУКЦИЯНЫ ЕСЕПТЕУ

7.1 [4.3.1(1)P] Ғимараттың есептік моделі деформациялаудың барлық мәнді формалары мен инерцияның күштері қарастырылатын сейсмикалық әсер ету кезінде ескерілетіндей, ғимараттың жоспардағы және биіктік бойынша қаттылықтары мен массаларын бөлуді адекваттық түрде көрсетуі керек. Сызықтық емес есептеу кезінде модель сондай-ақ конструктивтік элементтердің беріктіліктік көрсеткіштерін де адекваттық көрсетуі керек.

7.2 [9.4(1)P] Ғимараттың есептік моделі сейсмикалық әсер етуге қарсыласатын барлық конструктивтік элементтердің қаттылық қасиетінің сипаттық ерекшеліктерін бейнелеуі керек.

7.3 [9.4(2)P] Тас ғимараттардың конструктивтік элементтерінің қаттылықтық сипаттамаларын майысу мен жылжу кезіндегі олардың икемділігінің есебімен, егер ол қажет болса – олардың осьтік икемділігінің есебімен бағалау керек.

Есептеу кезінде тас қалаудан жасалған конструктивтік элементтердің көлденең қиысуының қаттылығын жарылыс пайда болмаған серпінді ретінде де қарастыруға жол беріледі.

Ескертпе 1 Тас қалаудан жасалған конструктивтік элементтердің көлденең қиысуының қаттылығын жарылыстың пайда болу есебімен анықтау – қалаулы және айтарлықтай нақтырақ. Бұл деформацияда жарылыстың пайда болуының әсерін ескеруге, сонымен қатар конструктивтік элемент үшін «күш-деформация» бисызықтық диаграмманың бірінші бұтасының иілуін модельдеуге мүмкіндік береді.

Ескертпе 2 Тиісті зерттеулермен расталған және негізделген қалаудың қаттылықтық қасиеттері туралы толық деректер жоқ болғанда, жарылыс пайда болудың есебі бар майысу және жылжу кезіндегі элементтің қаттылықтары жарылыстың пайда болуының есебі жоқ конструктивтік элементтің көлденең қиысуының толық алаңына сәйкес келетін серпінді қаттылықтың жартысына тең етіп қабылдана алады [9.4(3)].

7.4 Тас қалаулардың деформациялық қасиеттерін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес қабылдауға жол беріледі.

Ескертпе - Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында жобалау мен құрылыс салудың ұлттық тәжірибесін ескере отырып, тас қалаудың серпінділік модульдерін, жылжу мен деформациялауын ұлттық стандарттарға сәйкес анықтауға жол беріледі.

Табиғи тастан жасалған қалаудың серпінділік модулі мен деформацияларын эксперименталдық зерттеулердің нәтижесінің негізінде құрылған арнайы нұсқаулықтар бойынша қабылдауға жол беріледі.

7.5 Тас ғимараттың сейсмикалық әсер ету кезіндегі жүрісін сипаттау үшін үш өлшемді есептік модельді пайдалануға кепілдеме беріледі.

Ескертпе - Үш өлшемді есептік модель кезінде ғимарат өзіне қосымшаланған сыртқы әсер етудің кеңістіктік жүйесін қабылдауға қабілетті вертикаль және горизонталь конструктивтік элементтердің кеңістіктік жиынтығы ретінде қарастырылады. Үш өлшемді есептік модель ғимаратты сипаттаудың жалпы жағдайына сәйкес келеді. Толығырақ «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралында берілген.

7.6 [9.4(4)] Тас қалаудан жасалған қабырғалық конструкциядағы маңдайшалар, егер олардың:

– тас қалау элементтерінің тиісті орау және тиісті горизонталь арматуралау арқылы тас қалаудың жанасқан қабырғалармен байланысы;

– ораудың арақабырға немесе жабын (антисейсмикалық белдігі бар) деңгейіндегі горизонталь арқалықпен байланысы, сонымен қатар тиісті вертикаль (көлденең) арматураға тас қалауды күшейтумен қамтамасыз етілген ораудың горизонталь арқалығынан төмен немесе жоғары орналасқан маңдайшаның қалау телімдерімен байланысы бар болса, ғимараттың есептік моделінде екі жанасқан қабырғалардың арасындағы байланыстыратын арқалықтар ретінде көрсетіле алады.

7.7 [9.4(5)] Егер тас ғимараттың есептік моделі жоғарыда анықталғандай байланыстыратын арқалықтардың есебімен қабылданса, онда вертикаль және горизонталь конструктивтік элементтердегі әсерлерді анықтау үшін ол рамалық есептік модель ретінде берілуі мүмкін.

7.8 Жалпы жағдайда қосымшаланған статикалық жүктемелер мен ғимараттың бөліктерінің бөлінген массаларын динамикалық есептік модельдің сипаттық нүктелерінде (оның тораптарында) шоғырланған деп қабылдау керек. Осы жерде модель еркіндіктің соңғы саны бар динамикалық жүйе деп қарастырылады, ал негіздеменің тербелісімен шақырылған сейсмикалық жүктемелер массалардың шоғырланған жерлеріне қосымшаланған болып саналады.

7.9 [4.3.3.1(11)] Кеңістіктік есептік модельді қолданудың барлық жағдайларында есептік сейсмикалық әсер ету барлық мәндік горизонталь бағыттардың (ғимараттағы конструкцияны компоненттеуге байланысты қабылданған) бойында және оларға горизонталь бағытта ортогоналдық бойында жатқызылған болуы керек. Екі өзара перпендикуляр бағыттағы горизонталь жүктемелерді қабылдайтын конструкциялары бар ғимараттар үшін осы екі бағытты негізгі бағыт ретінде қарастыру керек.

7.10 Сейсмикалық әсер етудің әсерлерін анықтау үшін модалдық-спектралдық әдісті пайдалануға кепілдеме беріледі.

Ескертпе - Толығырақ «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралында берілген.

7.11 [9.4(6)] «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралына сәйкес орындалған сызықтық есептік көмегімен анықталған ғимараттың конструктивтік жүйелерінің әртүрлі қабырғаларының негіздемесіндегі көлденең күштер төмендегі талаптарды сақтау арқылы бір бағыттағы қабырғалардың арасында қайта бөлінуі мүмкін:

а) жалпы тепе-теңдіктің талабы қанағаттандырылады (яғни, бірдей бағыттағы қабырғалардың негіздемесіндегі көлденең күштің жиынтықтық мәні және конструктивтік жүйедегі бірдей әрекет етуші көлденең күштердің күйі конструктивтік жүйеде өзгеріссіз қалады);

б) кез-келген қабырғаның негіздемесіндегі жиынтықтық көлденең күш 25 % артық азайтылмайды және 33 % артық ұлғайтылмайды;

в) көлденең күштерді қайта бөлудің салдары горизонталь диафрагмалар үшін ескеріледі (қабатаралық арақабырғалар мен жабындардың диафрагмалық жүрісін қамтамасыз ету бөлігінде де, сондай-ақ ғимараттың жоспардағы жүйелілік өлшемдеріне сәйкес келу бөлігінде де).




7.12 Тас ғимараттардың қабырғалық конструкцияларын есептеу кезінде олардың өз жазығындағы ықтимал бас тарту формаларын ескеру керек. 7.1-суретте жылжу, сырғанап жылжу және майысу сияқты ықтимал бас тартудың үш негізгі формалары берілген.

Ескертпе - Жылжу – биіктіктің көлденең қиысудың ұзындығына шамамен 2:1 қатынасы және елеулі вертикаль және горизонталь күштермен жүктелген, қабырғаның бас тартуының кең таралған формасы.

Сырғанап жылжу – көбінесе горизонталь жүктермен жүктелген, жылжуға жеткіліксіз беріктілігі бар қабырғаның бас тартуының таралған формасы.

Майысу – жылжуға ұлғайтылған қарсыластығы бар қабырғаның бас тарту формасы.



**7.1-сурет – Қабырғалардың бас тартуының негізгі формалары: а) жылжу; б) сырғанап жылжу; в) майысу**

## 8 ҚАУІПСІЗДІКТІ ТЕКСЕРУ

8.1 Сейсмикалық аймақтарда тас ғимараттарды жобалау кезінде олардың қирауға қарсы сенімділігінің [9.6(1)P] қауіпсіздігі тексерілуі керек.

Қауіпсіздікті тексеру кезінде:

– ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 (2.2.2, 4.4.2 қар.), сонымен қатар «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» және «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралдарының талаптарына сәйкес қауіпті шекті жағдай;

– ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 (2.2.3, 4.4.3 қар.), сонымен қатар «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» және «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралдарының талаптарына сәйкес бұзылыстарды шектеуге бойынша шекті жағдай;

– ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 (2.2.4 қар.), сонымен қатар «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» және «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралдарының қағидаларына сәйкес ғимараттарда қарастырылған тиісті арнайы шаралар қарастырылуы керек.

8.2 [9.6(1)P] Қауіпсіздік тексеру «қарапайым тас ғимараттарға» арналған ережелерді қанағаттандыратын тас ғимараттар үшін орындалмаса да болады.

8.3 [9.6(2)P] Қирауға қарсы сенімділікті тексеру кезінде тас ғимараттың әрбір конструктивтік элементінің есептік кедергісін ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 (3.6 қар.) қағидаларына сәйкес бағалау керек.

8.4 [9.6(3)] Сейсмикалық есептік жағдайда қауіпті шекті жағдайды тексеру кезінде тас қалаудың  $\gamma_m$  және арматуралық болаттың  $\gamma_s$  қасиеттерінің жеке коэффициенттерін пайдалану керек.

Көрсетілген жеке коэффициенттердің мәндерін:

$\gamma_m$  – ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 берілген Ұлттық қосымшада келтірілген мәnniң 2/3, бірақ 1,5 кем емес;

$\gamma_s$  үшін – 1,0 етіп қабылдау керек.

## **9 «ҚАРАПАЙЫМ ТАС ҒИМАРАТТАРҒА» АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР**

### **9.1 Жалпы мәліметтер**

9.1.1 «Қарапайым тас ғимараттарға» [9.7.1(1)]:

- жауапкершіліктің I және II кластарына ие;
- 2.1.5, 2.1.7, 2.1.9, 2.1.11, 2.1.12, 2.4 тармақтарының қағидалары мен 3.2, 3.3 және 3.4 бөлімдерінің конструктивтік талаптары сәйкес келетін;
- 7.2 ережелеріне сәйкес келетін ғимараттар жата алады.

9.1.2 [9.7.1(2)] «Қарапайым тас ғимараттар» үшін 8-бөлімде қарастырылған қауіпсіздікті тексеру міндетті емес.

### **9.2 Ережелер**

9.2.1 [9.7.2(2)] Жоспардағы ғимараттың конфигурациясы төмендегіні талаптарды қанағаттандыруы керек:

- а) ғимараттың жоспары шамамен тік бұрышты болуы керек;
- б) ғимараттың жоспардағы кіші жағының ұзындығы мен үлкен жағының ұзындығы арасындағы қатынасы  $\lambda_{\min}=0,25$  минималдық мәнінен аз болмауы керек;
- в) шықпа проекциялары мен тік бұрышты формалардың тереңдігінің ауданы қарастырылатын деңгейдің еденінің жалпы ауданының  $p_{\max}=15\%$  мәнінен артық болмауы керек.

9.2.2 [9.7.2(3)] Қарапайым тас ғимараттың қабырға-диафрагмалары төмендегі талаптарды қанағаттандыруы керек:

- а) жоспарда екі ортогоналдық бағытта шамамен симметриялық болып орналасуы керек;
- б) екі ортогоналдық бағытта кем дегенде екі параллель қабырға орналаса алады: әрбір қабырғаның ұзындығы қарастырылатын қабырға жатқан бағыттағы ғимараттың ұзындығынан 30 % асуы керек;
- в) ғимараттың шеткі қабырғаларының арасындағы қашықтық басқа бағыттағы ғимараттың ұзындығынан 75% артық болуы керек;
- г) кемінде 75% вертикаль жүктемелер қабырға-диафрагмалармен қабылдануы керек;
- д) қабырға-диафрагмалар ғимараттың астынан үстіне дейін үздіксіз болуы керек.

9.2.3 [9.7.2(4)] Төмен сейсмикалық жағдайларында (2.2 қар.) осы бөлімшенің 7.2.2б тармақшасына сәйкес келетін қабырғаның қажетті ұзындығын ойықтармен бөлінген бір ось бойындағы қабырға-диафрагмалардың жалпы ұзындығы ретінде алуға болады. Бұл жағдайда, әрбір бағыттағы кемінде бір қабырға-диафрагманың 3.2-кесте мен 3.2.22

тармағында анықталған  $l/h$  екі еселенген минималдық мәніне сәйкес келетін  $l$  ұзындығына ие болуы керек.

9.2.4 [9.7.2(5)] Екі горизонталь бағыттағы жанасқан қабаттардың қабырға-диафрагмалардың горизонталь көлденең қиысудың массасы мен аудандарындағы айырмашылық  $\Delta_{m,max}=20\%$  және  $\Delta_{A,max}=20\%$  максималдық мәндерімен шектелуі керек.

9.2.5 Құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігі мен конструкцияның типіне байланысты топырақ деңгейінен жоғары орналасқан  $n$  қабаттардың санын шектеп, әрбір бағыттағы олардың көлденең қиысудағы  $A_{min}$  минималдық ауданы кезіндегі екі ортогоналдық бағыттарда қабырғаларды қарастыру керек. Көлденең қиысудың минималдық ауданы  $p_{A,min}$  қабаттағы еденнің жалпы ауданынан минималдық пайыздарда көрсетіледі.  $n$  және  $p_{A,min}$  үшін белгіленген шамалар 9.1-кестеде берілген.

**9.1-кесте – «Қарапайым тас ғимараттарға» арналған топырақ деңгейінен жоғарғы қабаттың рұқсатты саны және қабырға-диафрагмалардың көлденең қиысуының минималдық ауданы**

Құрылыстың типі	Қабаттардың саны ( $n$ )*	Құрылыс алаңының сейсмикалығы (баллмен берілген)			
		7	8	9	>9
		Әрбір бағыттағы қабырға-диафрагмалардың көлденең қиысу аудандарының минималдық сомасы, арақабырғаның қабатқа ( $p_{A,min}$ ) келетін жалпы ауданының % берілген			
Арматураланбаған тас қалау	1	4,5	р/ж	р/ж	р/ж
Шектейтін тас қалау	1	3,5	4,5	р/ж	р/ж
	2	4,0	р/ж	р/ж	р/ж
	3	5,5	р/ж	р/ж	р/ж
Арматураланған тас қалау	1	3,0	4,0	р/ж	р/ж
	2	3,5	5,5	р/ж	р/ж
	3	5,0	р/ж	р/ж	р/ж
Ескертпе - р/ж «рұқсат жоқ» дегенді білдіреді					
* Шатырдың кеңістігі қабаттардың санына кірмейді.					

9.2.6 [9.7.2(6)] Арматураланбаған тас қалаудан жасалған ғимараттарда бір бағыттың қабырғалары максималдық қадамы 7 м ортогоналдық бағыттың қабырғаларымен байланысқан болуы керек.

9.2.7 Тас қалаудың элементтерінің минималдық беріктігі [9.7.2(1)]:

- арматураланбаған қалау үшін –  $12 \text{ Н/мм}^2$ ;
- шектейтін және арматураланған қалау үшін –  $5 \text{ Н/мм}^2$  құрауы керек.

## А ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)


МЫСАЛ Екі қабатты тас ғимараттарды сейсмикалық әсерлерге есептеу

Шығыс деректер

Ғимарат өз мақсаты бойынша тұрғын ғимараттардың санатына жатады.

Қарастырылып отырған ғимараттың жауапкершілік санаты – II. Ғимараттың жауапкершілік коэффициентінің мәні  $\gamma_1$  1,0 тең.

Ғимараттың схемалық жоспары мен бөлігі А.1-суретінде берілген.



**А.1-сурет – Ғимараттың схемалық жоспары мен бөлігі**

Қарастырылатын ғимараттың жоспардағы формасы – тік бұрышты, шеткі осьтердегі габариттік өлшемдері 34,4 м х 12 м (бағандардың қадамы 6 м). Барлық қабаттардың биіктігі 3,0 м.

Ғимараттың конструктивтік жүйесі – қиылыстық-қабырғалық.

Сыртқы және ішкі қабырғалары – ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 және осы құралдың ережелеріне сәйкес келетін арматураланбаған тас қалаулардан жасалған бір қабатты.

Ғимараттың қабырғалық конструкциялары:

– қысуға 7,5 МПа ( $75 \text{ кг/см}^2$ ) беріктілігі бар, х «ұзындық» х «ен» х «биіктік» бойынша сәйкесінше  $250 \text{ мм} \times 120 \text{ мм} \times 65 \text{ мм}$  номиналдық өлшемдері бар керамикалық толық денелі одинарлық кірпіш;

– қысуға 5,0 Мпа беріктілігі бар цемент-құмдық ерітіндіні қолдану арқылы орындалады.

Сыртқы қабырғалары  $1\frac{1}{2}$  кірпіш (380 мм) қалыңдықпен; ішкі қабырғалары – 1 кірпіш (250 мм) қалыңдықпен қарастырылған. Толық денелі ккірпішпен жасалған тұтас тас қалаудың сипаттамалық көлемдік салмағы –  $18,0 \text{ кН/м}^3$ .

Арақабырға мен жабыны – қалыңдығы 200 мм монолиттік темірбетондық тақталар.

Қасбеттік жүйесі – қасбеттік тастан, жылытқыштан, бейіндер мен бейтпелі элементтерден тұратын желдетпелі. Қасбеттік жүйенің салмағы  $1,0 \text{ кПа}$ .

Қабырғалардың ішкі бетінің әрлеуі – сылақ. Сылақ қабатының салмағы –  $0,5 \text{ кПа}$ .

Арақабырғалары – жеңіл тиімді материалдардан жасалған қаңқалы конструкциядан.

Жүктеменің серпінділік  $E$  модулі ретінде қысқа уақыттық әрекетінде арматураланбаған тас қалау үшін мәні  $1000f_k$  құрайтын кескіш модуль қабылданды (ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.7.2(2) қар.).

ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 сәйкес есептелінген серпінділік модулінің мәні 2650 МПа құрайды.

Ескертпе -  $f_k$  – EN 1052-1 немесе ҚР ҚН EN 1996-1-1:2005/2011 3.6.1.1(1)Р сәйкес тас қалауды сынаудың нәтижелері бойынша анықталатын тас қалаудың қысуға сипаттық кедергісі.

Есептеуде ескерілетін тұрақты және қосымшаланған жүктемелердің мәндері А.1-кестеде берілген.

**А1-кесте – Әсер ету мен жүктемелердің ведомості**


Ғимараттың элементтері	Салыстырмалық салмағы $\gamma$ , $\text{кН/м}^3$	Материалдың қалыңдығы $t$ , м	Жүктемелер, $\text{кН/м}^2$	Нормативтік құжаттарға берілетін сілтемелер
<b>G тұрақты жүктемелер</b>				
Төмендегілердің жабыны үшін				
– жылумен окшаулауия	6	0,3	1,8	
– шатырлар мен жабындардың конструкциялары	–	–	1,0	
– жабынның темірбетондық тақтасы	24	0,2	–	

## А1-кесте – Әсер ету мен жүктемелердің ведомості (жалғасы)

БАРЛЫҒЫ (тақта мен қоршау конструкциялардың есебісіз)			2,8	
Қабатаралық арақабырғалар үшін				
– ішкі арақабырғалар	–	–	0,5	
– еденнің конструкциясы	–	–	1,2	ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/ 2011 А қосымшасы, А1-кестесі
– жабынның темірбетон тақтасы	24	–	–	
БАРЛЫҒЫ (тақта мен қоршау конструкциялардың есебісіз)			1,7	
Q қосымшаланған ауыспалы жүктемелер				
– тұрғын үй-жайлардың қабатаралық арақабырғалары үшін	–	–	2,0	ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/ 2011 6.3.1.2-т., 6.2-кесте
– баспалдақтар үшін			3,0	
– жабынға берілетін пайдалануға беру үшін	–	–	1,0	ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 6.3.4.1(1)-т., 6.9-кесте және 6.3.4.2-т., Ескертпе 1
– шатырға түсетін қар жүктемесі	–	–	1,5	ҚР ҚН EN 1991-1-3:2003/ 2011

Ғимараттың есептік моделі

Ғимараттың есептік моделі жазық соңғы элементтердің (А2-суреті) кеңістіктік жүйесі (3D) түрінде қабылданған.



**A2-сурет – Ғимараттың соңғы-элементтік есептік моделі**

Ғимараттың есептеу:

- баспалдақ алаңдары мен марштарының қаттылығының;
- қабатаралық арақабырғалар мен горизонталь жазықтағы жабындардың (ойықтармен әлсіреген) есебімен орындалды.

Ғимарат шартты түрде негіздемеде қатты қысылған деп қабылданды.

Аспалы қасбет пен арақабырғалардың тас ғимараттың жұмысына әсер етуі ескерілген жоқ.

Ғимаратты есептеу «STRAP» бағдарламасының көмегімен жүргізілді.

Сейсмикалық жүктемелерді анықтау мен сейсмикалық әсер ету әсерлерін есептеу кезінде ескерілетін ғимараттың массалары есептік схема тораптарында шоғырланған етіп қабылданды және тұрақты, ауыспалы жүктемелердің есебімен анықталды.

Ғимараттың массаларын анықтау кезінде тұрақты және ауыспалы жүктемелер (A1) теңдеуіне сәйкес қиыстырылды («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралының (4.1) теңдеуін қар.):

$$\sum_k \frac{G_{kj}}{g} + \sum_i \left[ \psi_{E,i} \cdot \frac{Q_{ki}}{g} \right], \quad (A1)$$

мұнда

- $G_{k,j}$  –  $j$  тұрақты жүктеменің сипаттамалық мәні;  
 $Q_{k,i}$  –  $i$  ауыспалы жүктеменің сипаттамалық мәні;  
 $g$  – ауыртпалық күшін жалдамдату ( $9,81 \text{ м/с}^2$ );

$\psi_{Ei}$  – есептік сейсмикалық әсер етудің әсерлерін анықтау кезінде пайдаланылатын (ғимаратқа түсетін есептік сейсмикалық жүктемені анықтау кезінде есептелетін)  $i$  ауыспалы әсер етуге арналған қиыстырудың коэффициенті.

Сейсмикалық әсер етудің әсерлерін есептеу үшін (A2) теңдеуінде қабылданған қиыстырудың коэффициенттері  $\psi_{Ei}$  төмендегі теңдеуді пайдалану арқылы есептелінді:

$$\psi_{Ei} = \varphi \cdot \psi_{2i}, \quad (A2)$$

мұнда  $\varphi$  – конструкция мен оған ықпал етуші ауыспалы жүктеме арасындағы қатты байланыстың жоқтығын ескеретін коэффициент.

$\varphi$  коэффициентінің шамалары төмендегілерге тең етіп қабылданды («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралының 4.1-кестесін қар.):

- қабатаралық арақабырғаларға түсетін ауыспалы жүктеме үшін – 0,5;
- жабынға түсетін ауыспалы жүктеме үшін – 1,0.

$\psi_{2i}$  коэффициентінің шамалары төмендегілерге тең етіп қабылданды («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралының 4.2-кестесін қар.):

- қабатаралық арақабырғаларға түсетін ауыспалы жүктеме үшін – 0,3;
- жабынға түсетін ауыспалы жүктеме (оның ішінде қар жүктемесі) үшін – 0.

(A1) теңдеуіне сәйкес  $\psi_{Ei}$  коэффициенттерінің келесі мәндері болады:

- қабатаралық арақабырғаларға түсетін ауыспалы жүктеме үшін – 0,24;
- жабынға түсетін ауыспалы жүктеме (оның ішінде қар жүктемесі) үшін – 0.

### Ғимараттың модалдық талдауының нәтижелері

Ғимараттың модалдық талдауының нәтижелеріне сәйкес:

- ғимараттың жоспардағы тербелісінің бірінші және екінші формалары түспелі, ал үшінші формасы – айналмалы болып табылады;
- ғимарат жабынының жоспардағы максималдық және орташа мәндері бірінші форма бойынша – 0,5 %, ал екінші форма бойынша – 4 % ерекшеленеді;
- арақабырғалардың горизонталь орын ауысуының есептік мәндері арақабырғаның абсолюттік қаттылығының болжамында алынған мәндерден ең көбі 6 % ерекшеленеді.




Ғимараттың тербелістің алғашқы үш формалары бойынша деформациялау схемалары, осы формаларға сәйкес келетін кезеңдері, тербелістің түспелі формалары кезіндегі арақабырға шеттерінің максималдық және минималдық орын ауысуының ( $\Delta_{\max}$  және  $\Delta_{\min}$ ) қатыстық мәндері, сонымен қатар осы орын ауысу арасындағы қатынастар A2-кестеде берілген.

Ғимараттың қабатаралық арақабырғалары деңгейіндегі массалары мен қаттылығының күйін сипаттайтын есептердің нәтижелері және массалары мен қаттылықтың орталықтарының арасындағы эксцентриситеттердің мәндері A3-кесте мен A3-суретте берілген.



Есептеудің нәтижелеріне сәйкес қарастырылған конструктивтік жүйе «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралының 3.2-3.4 қағидаларына сәйкес келеді және жоспарда және биіктік бойынша жүйелі деп жіктеліне алады.


**А.2-кестесі – Ғимараттың жалпы есебінің нәтижелері**

Форма ның №	Деформалау схемасы	$\Delta_{\max}$	$\Delta_{\min}$	$\Delta_{\text{ср}} = \frac{\Delta_{\max} + \Delta_{\min}}{2}$	$\frac{\Delta_{\max} - \Delta_{\text{ср}}}{\Delta_{\max}} 100\%$
1	 T=0,101 сек	1,0	0,99	0,995	0,5 %
2	 T=0,098 сек	1,0	0,92	0,96	4 %
3	 T=0,089 сек	—	—	—	—

**А3-кесте – Қабатаралық арақабырғалар деңгейіндегі массалар мен қаттылық орталықтарының координатасы**

А3-кесте – Ғимараттың жалпы есебінің нәтижелері

Белгідегі қабатаралық арақабырға, м	Масса орталығының координатасы, м		Қаттылық орталығының координатасы, м		Масса және қаттылық орталықтарының арасындағы эксцентриситеттер, м	
	X	Y	X	Y	$e_{ox}$	$e_{oy}$
0,00	17,200	5,891	17,296	6,101	0,096	0,210
3,00	17,197	5,856	17,230	6,353	0,033	0,498
6,00	17,200	5,994	17,230	6,152	0,030	0,168



**А3-сурет – Қабатаралық арақабырғалар деңгейіндегі массалар мен қаттылық орталықтарының күйі**

Құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігі мен топырақтық жағдайлары

Құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілігі:

– Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру (ЖСА) картасының және/немесе ішінде елді мекендердің аумағының сейсмикалық қауіптілігі туралы деректер берілген, сейсмикалық аймақтарда орналасқан Қазақстан Республикасы елді мекендерінің тізімінің;

– инженерлік-геологиялық зерттеулердің нәтижелерінің;

– құрылыс салу аумағын микросейсмикалық аймақтандыру (МСА) картасының деректерінің негізінде бағаланады.

Ескертпе 1 Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру картасының жиынтығы I-1<sub>475</sub>, I-1<sub>2475</sub> және I-2<sub>475</sub>, I-2<sub>2475</sub> карталарынан тұруы керек. I-1<sub>475</sub> және I-1<sub>2475</sub> карталары шындық жылдамдатуда 475 және 2475 жыл кезеңдері үшін сейсмикалық қауіптілікті сипаттайды. I-2<sub>475</sub> және I-2<sub>2475</sub> карталары толық сандық балдарда 475 және 2475 жыл кезеңдері үшін аумақтың сейсмикалық қауіптілігін сипаттайды.

Ескертпе 2 Төменде келтірілген аймақтың сейсмикалық қауіптілігі мен құрылыс алаңы туралы деректер шартты түрде қабылданған.

Ғимараттың құрылысының алаңы орналасқан аймақ үшін:

– I-1<sub>475</sub> карта бойынша шындық жылдамдатудың  $a_{gR(475)}$  мәні – 0,075g;

– I-1<sub>2475</sub> карта бойынша шындық жылдамдатудың  $a_{gR(2475)}$  мәні – 0,11g;

– I-2<sub>475</sub> карта бойынша аймақтың сейсмикалығы – 7 балл;

– I-2<sub>2475</sub> карта бойынша аймақтың сейсмикалығы – 7 балл болып қабылданған.

I-1<sub>475</sub> және I-1<sub>2475</sub> карталарында көрсетілген шындық жылдамдатудағы сейсмикалық қауіптіліктің көрсеткіштері ( $a_{gR(475)}$  және  $a_{gR(2475)}$ ) жартас және жартастық-тәрізді геологиялық формацияларға жатады.

I-2<sub>475</sub> және I-2<sub>2475</sub> карталарында көрсетілген, толық сандық балдардағы сейсмикалық қауіптіліктің көрсеткіштері II типтік топырақ жағдайына жатады.

Құрылыс алаңының топырақтық жағдайлары II типке сәйкес келеді («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» құралының 3.1-кестесін қар.).

Құрылыс алаңының сейсмикалығы микросейсмикалық аймақтандыру картасы бойынша 7 баллды құрайды.

«Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» Құралының 3.3.1.2 тармағына сәйкес, объектілердің бұзылысының болмауы бойынша талапты тексеру кезінде ескерілетін жылдамдату  $a_g$  есептік мәні ретінде екі мәнің үлкенін қабылдау керек (аталған Құралдың (3.5) және (3.6) теңдеулерін қар.):

$$\gamma_I \cdot a_{gR(475)} \quad (A3) \text{ немесе } \gamma_I \cdot \frac{2}{3} a_{gR(2475)} \quad (A4)$$

(A3) және (A4) теңдеулерінің көмегімен  $a_g$  мәнін анықтаймыз:

$$a_{gR(475)} \times \gamma_I = 0,075g \times 1,0 = 0,075g \quad \text{или} \quad \frac{2}{3} a_{gR(2475)} \cdot \gamma_I = \frac{2}{3} \times 0,11g \times 1,0 = 0,0733g$$

Қорытынды:  $a_g$  мәні 0,075g тең.

Құрылыс алаңы топырақтық жағдайының топырақтың шындық жылдамдату шамасына әсерін сипаттайтын  $S$  коэффициентінің мәнін (A5) теңдеуінің көмегімен анықтаймыз («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» Құралының 3.6-кестесін қар.):

$$1,1 \leq S = (1,8 - 2 \cdot a_g/g) \leq 1,6 \quad (A5)$$

(A3) теңдеуіне сәйкес  $S$  коэффициенті 1,6 тең.

Есептік сейсмикалық әсердің параметрлерін анықтау

Ғимаратқа түсетін сейсмикалық жүктемелер «модалдық-спектралдық әдіспен» («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралының 6.2.2 қар.) анықталды.

Қарастырылатын ғимаратқа горизонталь сейсмикалық әсер ету екі компоненттік етіп қабылданды. Екі компонент те реакцияның бірдей спектрлерімен сипатталды.

«Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» Құралының 3.3.2.5.4 тармағына сәйкес сейсмикалық әсер етудің көлденең компоненттерін сипаттайтын реакцияның  $S_d(T)$  есептік спектрі төмендегі теңдеулермен анықталады:

$$0 \leq T \leq T_B: \quad S_d(T) = a_g \cdot S \cdot \left[ \frac{2}{3} + \frac{T}{T_B} \cdot \left( \frac{2,5}{q} - \frac{2}{3} \right) \right], \quad (A6)$$

$$T_B \leq T \leq T_C: \quad S_d(T) = a_g \cdot S \cdot \frac{2,5}{q}, \quad (A7)$$

$$T_C \leq T: \quad S_d(T) \begin{cases} = a_g \cdot S \cdot \frac{2,5}{q} \cdot \left[ \frac{T_C}{T} \right] \\ \geq \beta \cdot a_g \end{cases} \quad (A8) \quad S_d(T) \begin{cases} = a_g \cdot S \cdot \frac{2,5}{q} \cdot \left[ \frac{T_C}{T} \right] \\ \geq \beta \cdot a_g \end{cases} \quad S_d(T) \begin{cases} = a_g \cdot S \cdot \frac{2,5}{q} \cdot \left[ \frac{T_C}{T} \right] \\ \geq \beta \cdot a_g \end{cases}$$

мұнда

$S_d(T)$  – сейсмикалық әсер етудің горизонталь құрамдасына арналған есептік спектр;

$T$  – еркіндіктің бір дәрежесімен сызықтық жүйенің тербелісінің кезеңі, сек.;

$a_g$  – ІА типті топырақтық жағдайлар кезінде негіздемені есептік жылдамдату;

$T_B$  – спектралдық жылдамдатудың графигінің тұрақты теліміндегі кезеңнің минималдық мәні, сек.;

$T_C$  – спектралдық жылдамдатудың графигінің тұрақты теліміндегі кезеңнің максималдық мәні, сек.;

$S$  – топырақтың сейсмикалық қасиетін (құрылыс алаңының топырақтық жағдайлары) сипаттайтын коэффициент;


$q$  – жүріс коэффициенті;

$\beta$  –  $0,2 \cdot S$  тең етіп қабылданатын горизонталь құрамдастыларға арналған есептік спектрдің төменгі шекарасының көрсеткіші.

«Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» Құралының 3.5-кестесіне сәйкес  $T_B=0,25$  сек, ал  $T_C=0,64$  сек.

Жоспарда жүйелі және биіктік бойынша осы Құралдың қағидаларына сәйкес арматураланбаған қалаудан жасалған қабырға-диафрагмалары бар тас ғимараттар үшін  $q$  жүріс коэффициенті 2,0 тең етіп қабылдана алады (осы Құралдың 5.1-кестесін қар.).

Қарастырылатын ғимаратқа  $q=2,0$  кезінде сейсмикалық әсер етуді сипаттайтын реакцияның есептік спектрі А4-суретте берілген (толығырақ «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер ету» Құралының 3.3.2.5.4 және 3.3.2.5.6 қар.).



**А4-сурет – Жүрістің  $q=2,0$  коэффициенті кезіндегі реакциялардың есептік спектрі**

Ғимаратты есептеу кезінде, «Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралының 6.2.2.1 сәйкес анықталған горизонталь сейсмикалық жүктемелерден басқа, масса мен сейсмикалық қозғалыстың кеңістіктік вариациясында орналасқан белгісіздіктермен шарттасқан, ғимараттың жоспарда айналуының әсерлері ескерілді.

Сейсмикалық қимылдың массалары мен кеңістіктік вариациясының орналасуындағы белгісіздікті ескеру үшін, әрбір қабаттағы массалардың есептік орталықтары  $i$  кездейсоқ эксцентриситеттің шамасына қарай әрбір бағыттағы номиналдық жағдайға қатысты ауысып кеткен (жоғарыда аталған Құралдың 6.2.2.2.2 тармағын қар.):

$$e_{ai} = \pm 0,05 \cdot L_i, \quad (A9)$$

мұнда

$e_{ai}$  – барлық қабаттарда бірдей бағытта қабылданатын номиналдық жағдайда қабат массасының  $i$  кездейсоқ эксцентриситеті;

$L_i$  – сейсмикалық әсер ету бағытына перпендикуляр аракабырғаның өлшемі.

Осы қағидаға сай ғимаратты есептеу кезінде массалардың номиналдық жағдайына қатысты ықтимал ауысуының бес нұсқасы ескерілді:

- 1)  $e_x = 0$  м,  $e_y = 0$  м;
- 2)  $e_x = 1,5$  м,  $e_y = 0,6$  м;
- 3)  $e_x = -1,5$  м,  $e_y = 0,6$  м;
- 4)  $e_x = -1,5$  м,  $e_y = -0,6$  м;
- 5)  $e_x = 1,5$  м,  $e_y = -0,6$  м.

Есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтау

Таңдалған бағытта есептік сейсмикалық жүктемені  $F_{ik}$  анықтау үшін модалдық-спектрлік әдіс бойынша А10 теңдеуі қолданылды («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» құралындағы (6.1) теңдеуін қар.):

$$F_{ik} = \gamma_h \cdot S_d(T_k) \cdot m_{ik}, \quad (\text{A10})$$

мұнда

$F_{ik}$  –  $i$  нүктесіне қосымшаланған және ғимараттың өзіндік тербелісінің  $k$  формасына сәйкес келетін, ғимараттың қарастырылған бағыттағы есептік және сейсмикалық жүктемесі;

$\gamma_h$  – төмендегі теңдеуден анықталатын, ғимараттың биіктігін ескеретін коэффициент:

$$\gamma_h = 1 + 0,06(n - 5), \quad 1,0 \leq \gamma_h \leq 1,8, \quad (\text{A11})$$

$n$  – ғимараттағы қабаттардың саны (топырақтың жоспарлық белгісінен төмен орналасқан қабаттардан және бүйір қабаттан басқа);

$S_d(T_k)$  –  $T_k$  кезеңінде реакцияның есептік спектрінің ординатасы (А4-суретті қар.);

$T_k$  –  $k$  форма бойынша ғимарат тербелісінің кезеңі;

$m_{ik}$  – тербелістің  $k$  формасына сәйкес келетін,  $i$  нүктесіне жатқызылған тиімді модалдық масса.

(А11) теңдеуіне сәйкес, қарастырылып отырған бес қабаттық ғимаратқа арналған  $\gamma_h$  коэффициентінің мәні 1,0 тең.

«Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстар. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» 6.2.2.1.10 қағидасына сәйкес жоспарда және биіктік бойынша  $T_1$  тербелістің кезеңі 0,4 с кем жүйелі ғимараттар үшін қарастырылатын бағытта ғимараттың өзіндік тербелісінің тек бірінші түспелі формасын ғана назарға алуға жол беріледі.

Көрсетілген қағидадан шыға отырып, сейсмикалық әсер ету әсерлерін модалдық-спектралдық әдіспен анықтау кезінде ғимараттың өзіндік тербелісінің үш формасы – бойлық бағытта бірінші түсуші, көлденең бағытта бірінші түсуші және жоспардағы бірінші айналмалы формалары ескерілді.

Конструктивтік жүйесінің өзіндік тербелісінің үш формасының әрқайсысына сәйкес келетін есептік сейсмикалық жүктемелердің жиынтықтық мәндері А4 және А5-кестелерінде берілген.

**А4-кесте – Ғимараттың көлденең бағытындағы және жүріс коэффициентінің  $q=2,0$  мәні кезінде сейсмикалық әсер етудегі есептік горизонталь жүктемелердің шамалары**

Тербеліс формасының №	Масса және қаттылық орталықтарының арасындағы эксцентриситеттердің шамалары (м) кезіндегі әсер ету бағыты бойынша есептік сейсмикалық әсерлердің (кН) жиынтықтық мәндері									
	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$
	0	0	1,72	0,6	-1,72	0,6	-1,72	-0,6	1,72	-0,6
1	1705,64		1576,98		1581,35		1519,63		1516,97	
2	0,01		38,94		36,83		126,05		126,65	
3	0		154,85		147,84		118,18		125,13	

**А5-кесте – Ғимараттың бойлық бағытындағы және жүріс коэффициентінің  $q=2,0$  мәні кезінде сейсмикалық әсер етудегі есептік горизонталь жүктемелердің шамалары**

Тербеліс формасының №	Масса және қаттылық орталықтарының арасындағы эксцентриситеттердің шамалары (м) кезіндегі әсер ету бағыты бойынша есептік сейсмикалық әсерлердің (кН) жиынтықтық мәндері									
	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$	$e_x$	$e_y$
	0	0	1,72	0,6	-1,72	0,6	-1,72	-0,6	1,72	-0,6
1	0,01		23,96		23,06		68,41		68,25	
2	1688,37		1660,01		1661,99		1531,67		1531,00	
3	11,01		9,67		8,09		106,03		106,96	

Ғимаратқа түсетін есептік жүктемелер

Төменде ғимараттың есептік моделіне қабылданған жүктелудің тізбесі ұсынылған:

- 1-жүктелу – тұрақты жүктеме;
- 2-жүктелу – қабатаралық арақабырғаларға қосымшаландырылған жүктеме;
- 3-жүктелу – жабынға қосымшаландырылған жүктеме (қар жүктемесінен басқа);
- 4-жүктелу – қосымшаландырылған қар жүктемесі;
- 5-жүктелу – кездейсоқ эксцентриситеттердің есебісіз ғимаратты есептеу кезінде  $x$  бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;
- 6-жүктелу – кездейсоқ эксцентриситеттердің есебісіз ғимаратты есептеу кезінде  $y$  бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;
- 7-жүктелу –  $e_x = 1,72$  және  $e_y = 0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттерінің есебімен ғимаратты есептеу кезінде  $x$  бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;
- 8-жүктелу –  $e_x = 1,72$  және  $e_y = 0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттерінің есебімен ғимаратты есептеу кезінде  $y$  бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;
- 9-жүктелу –  $e_x = -1,72$  және  $e_y = 0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттерінің есебімен ғимаратты есептеу кезінде  $x$  бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;
- 10-жүктелу –  $e_x = -1,72$  және  $e_y = 0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттерінің есебімен ғимаратты есептеу кезінде  $y$  бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;

11-жүктелу – ғимаратты  $e_x = -1,72$  және  $e_y = -0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттермен есептеу кезіндегі х бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;

12-жүктелу – ғимаратты  $e_x = -1,72$  және  $e_y = -0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттермен есептеу кезіндегі у бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;

13-жүктелу – ғимаратты  $e_x = 1,72$  және  $e_y = -0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттермен есептеу кезіндегі х бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме;

14-жүктелу – ғимаратты  $e_x = 1,72$  және  $e_y = -0,6$  кездейсоқ эксцентриситеттермен есептеу кезіндегі у бағыттағы ғимаратқа көлденең сейсмикалық жүктеме.

Ғимаратқа түсетін жел жүктемелері, сейсмикалық әсер етудің жоғары дәрежесін ескере отырып, есептеу кезінде ескерілген жоқ.

Есептеуде ескерілген сейсмикалық әсерлердің қиысуы

Сейсмикалық әсер етудің екі горизонталь компоненттерінің бір уақытта әрекет етуімен шарттасқан әсер етудің әсерлері келесі теңдеулерді пайдалану арқылы есептелінді («Сейсмикаға төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Азаматтық ғимараттарды жобалау. Жалпы талаптар» Құралын қар.):

$$a) E_{Edx} \text{ “+” } 0,30 \cdot E_{Edy}, \quad (A12)$$

$$б) 0,30 \cdot E_{Edx} \text{ “+” } E_{Edy}, \quad (A13)$$

мұнда

“+” – «..... болатын қиыстыруды» меңзейді;

$E_{Edx}$  – х имараттың таңдалған горизонталь осінің бойындағы сейсмикалық әсер етудің қосымшасынан болатын сейсмикалық әсер етудің әсерлерін көрсетеді;

$E_{Edy}$  – у имараттың ортогоналдық осінің бойындағы сейсмикалық әсер етудің дәл сол қосымшасынан болатын сейсмикалық әсер етудің әсерлерін көрсетеді.

Жоғарыда аталған қиыстырудағы әрбір компоненттің белгісі қарастырылатын әсер етудің әсерінің ең қолайсызы ретінде қабылдануы керек.

Есепте қабылданған жүктеудің қиыстыруы А6-кестеде берілген.

#### А6-кесте – Жүктеуді қиыстырудың кестесі

Қиыстырудың №	Жүктеуді қиыстыру
1	«1» x 1,35 “+” ( «2» + «3» ) x 1,5 “+” «4» x 0,3
2	«1» x 1,35 “+” ( «2» + «3» ) x 1,05 “+” «4» x 1,5
3	«1» x 1,35 “+” ( «2» + «3» ) x 1,5 “+” «4» x 1,5
